




ТІЛСІЗ ЖАУ

ҚАРДЫҢ СУЫ ХАЛЫҚТЫ САНСЫРАТТЫ



**Құр әрекетсіз алдалап,
Шынтуайттап түс келсең.
От пен судай тілсіз жау,
Алдаңмен бірге жоқ қылар.**

(Сұлтанбек ҚОЖАНОВ.
«Қазақ мақалдарынан».
«Ақ жол», 1924 жыл)

Фото: spaindik.kz

Көктем мезгілінде қызыл су күш алып, жолындағысын жапырып кетеді. Бұл үрдіс, табиғаттың тосын құбылысы қалыпты жағдайға айналып өткен. Жылда көктем мезгілінде еліміздің кей аймағын тасқын су басады. Биыл да солай болып тұр.

Наурыз соңын ала өзен суларының көтеріліп, арнасынан тасуы салдарынан су басу қатері күш алды. Оның үстіне соңғы күндері еліміздің бірнеше облыстарында күннің көзі күрт жылынып, қырланған ақпан айында және наурызда жауған қалың қардың көбесі бірден сөгіліп, өзендердің бетіндегі сен сетінеп сала берді.

Бұрынғыдай емес, биыл Ақмола облысындағы Есіл өзені, Сергеев су қоймасы, Ақтөбедегі Ілек, Қарағандыдағы Нұра, Батыс Қазақстандағы Деркөл, Шаған, Қостанайдағы Тобыл мен Аят өзендері кемерінен кете ағып, ылғал қорының көлемі артқаны байқалған. Мұның бәрі қалың түскен қар суының еруінен. Содан кейін де төтеншеліктер «еліміздің бірнеше аймағын су басу қаупі бар» деп дабыл қакты. Солай болды да.

(Жалғасы 3-бетте)

ӘЛЕУМЕТ

ҰЛТТЫҚ ҚОРЫМЫЗ САРҚЫЛМАСЫН

Қара теңіздегі Каспий құбыр желісі консорциумының терминалынан мұнай тиелген танкерлер жолға шықты. Олар 9 млн баррель Қазақ елінің мұнайын түрлі елдегі тұтынушыларға апара жатыр. Іскерлік бағыттағы ақпаратқа маманданған eadaily.com сайты күні көше осындай жағымды жаңалықты жариялады. Газетіміздің өткен санында сұрапыл дауылдың Ресейдегі Новороссийск айлағында қара майды кемелерге тиейтін үш қондырғыны істен шығарғаны туралы жазғанбыз. Оның біреуі көп өтпей жөнделді. Қалған екеуі сәуірдің ортасына дейін қайта іске қосылса, еліміз «қара алтын» қаржысынан қағылмауы тиіс. Қазынаға құйылатын қаржының қомақты бөлігін құрайтын мұнай экспортының үзілмеуі дәл қазір елдегі қаржы тұрақтылығының көпірі боп тұр. Сондай-ақ Ұлттық қордың сарқылмауы да осы «қара алтынға» байланысты.

(Жалғасы 2-бетте)



ЕСТЕЛІК

«СІЗДЕЙ РУХЫ БИІК ЖАН КӨРГЕНІМ ЖОҚ»



Надан кісілер менмен,
мақтаншақ келеді. Олардың
саясатпен ісі жоқ, бар
мақсаты – ішіп-жеу,
жарқылдап киіну. Одан
өзге мәселелердің бәріне
түкіргені бар. Тектілер өз
намысын да, ел намысын
да ойлайды. Жамбылға
біреулер:

– Аузымен құс тістеген
ақын Құлманбетті жеңдім
дейсіз, қалай жеңдіңіз? –
дегенде, Жәкең:
– Оны мен жеңем жоқ,
Қарасай бабам мен ақиық
ақын Сүйінбайдың аруағы
ғой жеңдірген, – деп жауап
берген.

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
102,15



DOLLAR
464



EURO
507



РУБЛЬ
5,6

БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Әркім де ең алдымен енжарлықтан, жалқаулықтан, масылдық көңіл-күйден бойын аулақ ұстап, еңбекпен есейгенде ғана несібісі еселене түседі» дейді Стахан Белғожаев. Хәкім Абай айтқан, адамның бойынан табылуы тиіс «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегі» бұл кісіден оңай кезіктіресіз. Жасы сексеннің ортасын қуалап кетсе де, аяғы әлі үзеңгіде. Аттан түспей ыстық қайратымен еңбек етіп, бейнетінің зейнетіне бөленіп жүр. Нұрлы ақылы мен жомарт та жылы жүрегінің шарапаты талай жанға дарыды, дарып та келеді. Береген қолы жомарттығының арқасында берекесін кіргізіп отыр.

Стахан Белғожаұлымен әңгімеміз қазіргі қоғамдағы масылдық психологиядан арылу, еңбекпен есеюдің нәтижесі, қартайған шағында да қажыр-қайратын елдің ертеңгі болашағына деп сарп етудің құпиясы жайында өрбіді. Торқалы тоқсанға таяған, қазыналы қария жасындағы қайраткер қыруар шаруаны қолға алып, жұмыстың жайын шашау шығармай атқарып келеді. Біз бұл кісінің голландтық технологиямен жылыжай көшенін салуды қолға алғанын, күн сәулесінен энергия өндіретін станса құрылысын салу ісін қолға алғаны туралы жазған едік.

Стахан БЕЛҒОЖАЕВ:

БОЙКҮЙЕЗДІК, МАСЫЛДЫҚТАН АРЫЛМАЙ, ІСІҢ ОҢҒА БАСПАЙДЫ



«ЕРІНШЕК, БЕКЕР МАЛ ШАШПАҚ» ЗАМАН ЕМЕС

Jas qazaq: Әңгімеміздің өзегін қоғамдағы бойкүйездік түсінігіне, масылдық психологиясына қарай бұрып, хәкім Абай айтқан «еріншек, бекер мал шашпақтан» бастасак. Көпке үлгі болар кәсіпкерсіз, ірі-ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асырып келесіз. Сізден көмек сұрайтындар, қайырымдылық жасауға шақыратындар көп шығар?

Стахан Белғожаев: Жаратқан иемізге мың да бір шүкіршілік, берген несібімізден айырмасын. Бөленге қолдау көрсеттім, түгенге көмектестім деп міндет артпаймын ешкімге. Қазақ әдебиеті мен руханиятына, мәдениеті мен өнеріне үлес қосып жүрген замандастарымыз, өкше басар інілеріміз, бауырларымызға қолымнан келгенше қолдау көрсетемін. Оны өздері де айтып жүр. Алматы облысының Райымбек, Ұйғыр аудандарының Құрметті азаматы атағын берді. Кіндік қаным тамған өңір мен өсіп-өнген өлкеме кадарі қалғым жеткенше перзенттік борышымды өтегенім үшін бұйырған шығар деп ойлаймын.

(Жалғасы 3-бетте)



2 7 KÚN 168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ЖҰМЫС ҺӘМ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТУ

Зейнетақы мен жәрдемақыны инфляцияға сай индекстеу үшін қосымша 111 млрд теңге бөлінеді. Жоғары оқу орындарында студенттердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына жәрдемдесетін 100-ден аса Карьералық орталық құрылады. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов айтты.

Биылғы жылы халықты әлеуметтік қамсыздандыруға мемлекет бюджетінен 4 трлн теңге қарастырылған. Бұл сома былтырғымен салыстырғанда 230 млрд теңгеге артық. Таяуда республикалық бюджет комиссиясы Үкіметпен бірлесіп маңызды шешім қабылдады. Инфляция дәлізінің 8-10 пайыз деңгейінде өзгеруіне байланысты зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерін тағы 4 пайыз индекстеу көзделіп отыр. Соның жиынтығында барлық әлеуметтік төлемдер 2021 жылмен салыстырғанда 9 пайыз, ал ынтымақты зейнетақы мөлшері 11 пайыз артды. Вице-премьердің айтуынша, аталған әлеуметтік төлемдер еліміздегі 4,2 миллион адамды қамтиды. «Бұл мақсатқа нақтыланған бюджет аясында қосымша 111 млрд теңге қарастырылды», — деді Үкімет басшысының орынбасары.

Сондай-ақ ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен әзірленген «Халық табысын арттыру» бағдарламасында азаматтардың кірісін көтеруге бағытталған нақты шаралар қарастырылғанын атап

орналастырудың тиімді жолы таңдалды. Айталық, Павлодар облысының 15 колледжі базасында «Жаңа кәсіптер атласы» әзірленіп, жас мамандар тәжірибеден өтті. Вице-премьердің айтуынша, ендігі кезде кадрларға қажеттіліктің 17 өңірлік картасы әзірленіп, қолданысқа енгізіледі. Сондай-ақ мектептерде 7 сыныптан бастап мамандық таңдауға баулитын «мұғалім-кәсіптік бағдар беруші» мамандығы енгізіледі. Бұл жұмыстарға жетекшілік ету Мәжіліс депутаты Саясат Нұрбекке тапсырылды. Е.Тоғжанов: «Сонымен қатар колледждер жанынан студенттерге

Ал білім және ғылым министрлігінің баспасөз мәслихатында техникалық және кәсіптік білім беру департаменті директорының орынбасары Ернат Жүнісов дуалды білім беру жүйесі арқылы колледжде білім алған түлектердің 70 пайызға жуығы жұмыспен қамтылғанын жеткізді. Өткен жылы осы жүйемен 11 мыңнан астам студент колледж бітірген. Соның 68 пайызы жұмыспен қамтылыпты. Дуалды жүйе арқылы оқыған студенттерге еңбек өтілі есептеліп, көрсетілген. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта жалғасын табады.



ЖАСТАРҒА ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҚТАУҒА МҮМКІНДІК БЕРІЛЕДІ

өтті. Соған сәйкес, бюджет саласы мен квазимемлекеттік сектордағы 1 миллионнан астам қызметкердің, мемлекеттен қолдау алатын бизнестің 2,8 млн жұмысшының жалақысы өседі.

Ералы Тоғжанов бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі — жастарды жұмыспен қамту мәселесіне де тоқталды. Тәжірибесі жоқ және оқып шыққан мамандығына сұраныс аз болғандықтан, жұмысқа орналаса алмай жүрген жастар көп. Әрі соңғы жылдары ел аумағында 129 мамандық жойылуы аз алдында. 95 мамандық трансформацияға ұшырады. Есесіне, 239 жаңа мамандық пайда болады. Осы орайда, халықаралық тәжірибені есепке алып, жастарды жұмысқа

тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін 100 шағын кәсіпорын құрылмақ. Осындай тәсіл Ақтөбе қаласындағы Экономика, бизнес және құқық колледжінде жемісті түрде жүзеге асты. Колледждегі 188 студенттің 144-і оқудан қол үзбей-ақ жұмысқа орналасты. Елімізде тұңғыш рет жоғары оқу орындарында студенттердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына жәрдемдесетін 100-ден аса Карьералық орталық құрылады», — деді.

Сонымен бірге жоғары оқу орындарына берілетін грант саны 75 мыңға дейін ұлғайтылады. Оның ішінде техникалық және IT салаларға гранттар 60 пайызға өседі.

Отандық колледждердің жабдықталуына тоқталған министрлік өкілі: «Соңғы екі жылда «Жас маман» жобасы арқылы 180 колледж 48 млрд теңгеге заманға сай қайта жабдықталды. Бұл жұмысты одан әрі жалғастырып, басқа колледждерді де жабдықтау жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде. Осы мәселе халыққа білім беру ұлттық жобасына да енгізілді. Жұмыс біртіндеп жалғасын табады», — деді. Брифингте техникалық және кәсіптік білім беруге арналған мемлекеттік тапсырыстың артаыны айтылды.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

ҰЛТТЫҚ ҚОРЫМЫЗ САРҚЫЛМАСЫН

Қарап отырсақ, аталған қордан алатын қаржы мөлшері көбейіпті. Нақтырақ айтсақ, 1,6 трлн теңгеге. Биылғы меже — 4 триллион. Әу баста кепілдендірілген аударым (*трансферт*) 2,4 трлн деп белгіленген еді. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров мұны бюджеттің қос бүйірі — кірісі мен шығысы арасындағы алшақтықты азайту мақсатымен жасалғанын хабарлады. Бұдан, әрине, таразының басы теңеле қоймайды. Министрге жүгінсек, бюджет тапшылығы — 3 трлн теңге немесе жалпы ішкі өнімнің 3,3 пайызы. Жалпы шығыс 18,8 трлн теңге болуы тиіс. Ал мұнайдың жылдық орташа бағасы 60 доллардан 90-ға дейін өсіріліпті. Халықаралық қаржы сарапшылары бір бөшке қара майдың құны 74-105 доллар арасында болады деп топшылайды. Министрлік осыған сүйенген секілді. Осы шикізатты ең көп тұтынатын елдердің бірі АҚШ өзінің стратегиялық қорынан ай сайын 1 млн мұнайды алып, елдегі тұтынушыларға жібермекші. Басқаларды да осындай амалға шақырып жатыр. Нарықта қара майдың көбеюі бағаға әсер етуі де ғажап емес.

Сарапшылар бюджеттегі мұнайдан басқа салалар бойынша тапшылық мөлшері 10 пайыздан асуы мүмкін деген пікірде. Бұл экономиканы әртараптандыру (*диверсификация*) іске асырылмайынша, шикізат саудасына тәуелділік жалғаса береді дегенді білдірсе керек. Мамандар осыған орай, қиын болса да, белгілі брендпен дәл бүгін бәсекелес бола алмаса да, бірақ табиғи, сапалы отандық өнімді өндіруге көшу керектігін айтады. Ғаламды жайлаған санкция салқыны «шетелден сатып алу арзанға түседі» дейтін таяз түсінік пен оңай жолдың ендігі жерде іске жарамайтынын көрсетіп отыр. Еңбек емес, алыпсатарлыққа апаратын осынау патерналистік пиғылдың кесірінен кезінде кант қызылшасын егіп, кант өндіруден, макта мен жүн өңдеп, киім тігуден бас тартқанбыз. Енді соның бәрін, тіпті ине мен жіпті, түйме мен тіс шұқығышқа дейін сырттан әкелеміз. Шикізат сатудан түсетін ақшаға. Үкімет төрт-бес жыл бұрын қарапайым заттар шығаруды қолға алатынын жариялаған. Осы бағдарлама қағаз жүзінде қалмай, өтірік есепке сүйенбей, шынымен іске асса, қалада да, ауылда да шағын және орта кәсіпкерлік өркендейді. Жұмыссыз жастарға да кәсіп табылар еді.

Бұған дейін мұнай бағасы күрт төмендегенде Ұлттық қорға жүгінетінбіз. Бұл жолғы шешім әлемдік нарықтағы қазіргі жағдайды ескере отырып, қабылдана керек. Геосаяси ахуал да тұрақталар. Ең бастысы, Елбасының тікелей мұрындық болуымен құрылған, ертенгі тұрақтылықтың кепілі болатын, қысылтаян, қиын сәтте көмекке келетін Ұлттық қорымыз бар. Бүйіріміз ортаймасын!

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы



1+3

Наталья ДЕМЕНТЬЕВА,
Мәжіліс депутаты:

«Ақмола облысы Сандықтау ауданының Петриковка, Арбузинка және басқа да бірқатар ауылында 250 адамнан астам халқы бар ауылдар интернетке қол жеткізе алмай отыр. «Қазақтелекоммен» байланыс жүргізу жұмыстары жыл сайын кейінге қалдырылып жатыр. Мектеп оқушылары онлайн ресурстарға қол жеткізе алмайды. Халық мемлекеттік қызметті де ала алмайды. Медициналық қызмет зардап шегіп отыр. Қазақстан бойынша мыңнан астам елді мекен осындай жағдайда».

Бағдат МУСИН, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі:

«Сіз 250-ден асқан ауылдар туралы айттыңыз. Маған өкімдік берген дерек бойынша Арбузинкада 189 адам тұрады. Бірақ, соған қарамастан, бақылауды күшейтудің арқасында тізіміміз өзгеріп жатыр. Операторлардың «интернет бар» деген жерінде қазір интернет жоқтығы белгілі болды. Сол себепті олар интернеті жоқ тағы 200 ауылдық жерді тізімге қосты. 250-ден асатын тұрғыны бар ауылдар 200-ге жуық. Бұл ауылдарға интернетті OneWeb, Space X технологиялар арқылы жеткіземіз».

Ерлан ҚОШАНОВ, Мәжіліс төрағасы:

«Жаңа депутат Демет'ева айтқан 250-ді 189 адам деп түзетіп жатырсыз. Негізі 189 адам ба, 250 адам ба, бәрі қазақстандық. Олар байланыспен, интернетпен қамтамасыз етілуі керек. Сондықтан цифр қуалағаннан гөрі, нақты іске көшу керек. Екіншіден, алыс ауыл тұрмақ, Елордадан 2-3 шақырым жердегі ауылдарға барсаңыз, интернет жоқ. Осыны шешуді ойластырыңыз».



Сөз-Жебе

Ирина СМЕРНОВА, Мәжіліс депутаты:

«Қазіргі оқу бағдарламасын өзгерту керек. Себебі онда не болып жатқанын білеміз. Кітаптарда қате көп. Өзара байланыс та жоқ. Балаларына білім беріп жатқан ата-аналарға алғыс айтамыз. Біздің балалар «стахановшылар» сияқты мектептен кейін репетиторларға, шетелдік мектеп интернаттарына барып оқиды. Барлық жерде қосымша оқиды. Ал білім саласына бөлініп жатқан қаржы балалар мен халықтың мүддесіне жұмсамай отыр».

Эволюция ирелеңі

Қайырбек ӨСКЕНБАЗЕВ,
индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі:

«Қазірдің өзінде үй бағасы тұрақталып келеді. Менің жеке болжамдарым бойынша құрылқысқа қарай баға төмендеуі керек»
(12.07.2021)

Өкінішке қарай, қазіргі түрғын үй бағасына қатысты әскердай құбылмалы. Негізі құрылыс материал болып саналатын сол жылы, 3 күн бұрын 418 мың, бүгін материал, 415 мың, яғни бағаның төмендеуі динамикасына байқалады. Біз атапшы тексеріп, баға бақылауымыз керек, тек сол кезде ғана баға асуының түсінікті болады.
(29.03.2022)

«Өткен жылы елімізде түрғын үй бағасына зейнетақы қорындағы жылқыны қолдану мүмкіндігі әсер етті. Сәйкесінше, сұраныс бірнеше есе артты. Быыл тұрақтайды деп болжам отырмыз. Біздің есепте сәйкес, елімізде жас сайын шамамен 330 мың пәтер пайдалануға беріледі. Сол кезде баға да тұрақтайды деген ойдамыз».

«Тенге тұрақсызданса, түрғындар табысын жасырмайтын мүлкке салып жатады. Сондықтан да қазір нақты бір болжам
(06.04.2022)

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Масылдық туралы сұрадың ғой, қоғамның шоқтығына жабысып, жауыра айналған дерттін бірі осы масылдық. Қарыз сұрап, қаржылай қолдау көрсетсеңіз деп келетіндер де бар. Біздің табанымызды тас тіліп, маңдаймыздан тер сорғалап табатын табысымыз олардың түсінігінде оңай олжа секілді көрінеді. Адам еңбектенбей ештеңеге қолы жетпейді. «Әрекетке берекет», «қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген тәмсіл бекер айтылған ба.

Адамдардың барлығы сондай деп айыптай сөйлеп, күйелей беруге болмас. Десе де, аласы да, құласы да ішінде болатын бүгінгі қоғамда масылдыққа бауыр басып, біреудің арқасында өмір сүргенді қалайтын аққапталдардың бар екені рас. Санадан осындай пасық пиғылды сылып алып тастауымыз керек. Жасаған иеміз он екі мүшенді сау етіп жаратты ма, ол үлкен нығмет, аманат. Ендеше, тіленбей еңбектену керек.

«Алма піс, аузыма түс» деп шалқайып жату қай кезеңде де жақсылыққа жетелемейді. Адамдардың бойындағы осы бір сынаржақ ұғымды өшіріп тастамай іс өнбейді. Ақын Төлеген Айбергеновтің «Қыз қуатын жігітке ат беремін, Жанам деген жүрекке от беремін» деп

Jas qazaq: 1963 жылы гидрокұрылысшы маманы атанған сіз оқуға сусап, Мәскеудегі инженерлік институтты да



орны, дәретханасы да өркениет талабына сай. Қалашықтың ішінде балабақшасы, мешіті бар. Мектеп жасындағы балаларды арнайы автобуспен Жылысай ауылындағы мектепке тасиды. «Мойнак су электр стансасы» іске қосылғалы Алматы қаласы ғана емес, оңтүстік аймақтың бірнеше өңірі де электр энергиясына деген зәруліктен құтылды. Ел қызығын көреді, шарапаты көпке тиеді деп осы істі, үлкен аманатты арқалау алдында жауапкершілік жоғары болғанын сезіндік. 2006 жылы құрылысы басталып, 2014 жылы толық іске қосылғанға дейін басшылық тізгінінн бір ұшын ұстап, басы-қасында болдық.

1970 жылдары қырғыз ағайындарымыз Ыстықкөл тартылып барады деп, Каркара өзенін қырғыздың жауһарына қарай бұру жөнінде мәселе көтерген. Сонда Дінмұхамед Қонаев ағамыз Қарқараны бұрып әкететін болса, қазақ даласының экологиясына да, тұмса табиғатының тамашасына да орасан зор қатер төнетінін Мәскеудің алдында дәлелдеп даулы істі тоқтатқан. Кейін Бестөбе су қоймасын салу арқылы электр энергиясын өндіретін станса тұрғызуға орталықтан қаражат бөлідртіп, үлкен шаруаны қолға алады. Бірақ түрлі себеппен іс аяқсыз қалды.

Jas qazaq: Жанылмасам, сіз «Мойнак су электр стансасы» директорлар кеңесінің төрағасы лауазымын тоғыз жылдай атқардыңыз. Электр энергиясына деген зәруліктің орнын айтарлықтай толтырған стансаның өзгешелігі қандай?

Стахан Белғожаев: «Мойнак» су электр стансасының құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп, 2014 жылы электр тогын өндіретін нысан толық қуатпен іске қосылды. Бұл күнде мұнда 300 мегаваттан асатын қуат көзі өндіріледі. «Мойнак» СЭС-нің қуаты 1027 млн кВт/сағатқа дейін өнім өндіруге қуаты жеткілікті.

«Мойнак» су электр стансасы — жер астын ұңғылау арқылы салынған әлемдегі үшінші станса. Тәуелсіз Қазақ елінің төсінде салынған алғашқы энергетикалық нысан жылына 1 миллиард 27 миллион кВт сағат электр қуатын өндіреді. Келешекте Алматы облысының халқын электр энергиясымен толығымен қамтамасыз етуге «Мойнак» СЭС-нің қуаты жетеді. Тек Алматы облысы ғана емес, 2 миллионнан астам жан саны бар Алматы қаласын, еліміздің оңтүстігіндегі облыстарға да жарық өндіруге мүмкіндігі мол.

ТМД елдерінде дәл «Мойнак» су электр стансасындағыдай деривация әдісін қолданатын стансалар жоқ. Су электр стансасына қажетті құрал-жабдықтың барлығы да Австрия елінен әкелініп қолданылды. Қызығын ел қалай көріп жатқанын өзін де білесін.

ҚҰ МЕДИЕН ДАЛАҒА ЖАН БІТІРГЕН ҚАРИЯ

Jas qazaq: Аға, сіздің сексенге таяған шағыңызда қолға алған көп шаруаныңдың бірі — Алматы облысының Қарадала жазығындағы шипажай ғой?

Стахан Белғожаев: «Мойнак» су электр стансасының құрылысы басталып, аяқталғанша қарадала жазығындағы шипажай кешенінің жұмысын жүйелеуге мүмкіндік тұмады. «Мойнак СЭС-ін тапсырған соң осы шипажайдың құрылыс жұмыстарына қаржымызды да, қажыр-қайратымызды да аямай төктік. Үлкен тәуекелмен бастап сол сеніммен аяғына жеткіздік. Кезінде қанырап тұрған бос кешеннің орнында бүгінде шығыстық үлгідегі, кереметтей ғимарат бой көтерді. Сұңқардың ыстық суының емдік қасиеті айтып жеткізгісіз. Мұнда еліміздің әр аймағынан келіп, ем алушылар да, тынығып демалушылар да, 1000 метр тереңдіктен шығатын ыстық суға шомылып дертіне шипа, төніне дауа іздейтіндер көптеп келеді. Әсіресе, күзден көктемнің соң жазғы салым уақыттарда адам қатары үзілмейді. Шипажайымызда бірнеше адам жұмыс істейді, күзетші, тазалықшы, мейрамхана қызметкерлері, медицина мамандары сынды кәсіп иелері тұрақты жұмыс орнын осы жерден тауып отыр. Медициналық құрал-жабдықтың барлығы да Еуропа елдерінен арнайы тапсырыспен алынып орнатылған. Бір мезетте 300-дей демалушыны қабылдай алатын шипажай әлемдік стандартқа сай қызмет сапасын ұсынады.

Jas qazaq: Емен-жарқын өңгіменізге рахмет! Мақсат-мұраттарыңыз орындалып, жас буынға өнегелі ісінізбен үлгі көрсете беріңіз.

Сұхбаттасқан Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Тіңіз жай

(Басы 1-бетте)

Төтенше жағдайлар министрі Ю.Ильин Түркістан облысының таулы аудандарында, Жамбыл облысының оңтүстік-шығысындағы таулы аймағында, Алматы облысының оңтүстік, оңтүстік-шығысындағы таулы жерлерінде жаңбырдың арты қарға ұласатынын болжағанын айтқан-ды. Қар көшкіні жүруі мүмкін екен де ескертті.

Жылдың осы мезгіліндегі әбігерлікті қарапайым жұрт тартудай-ақ тартып жатыр. Алыстағы елді мекендерді қойып, Қарағанды қаласындағы көпқабатты үйдін төменгі қабатын қызыл су басқан. Тұрғындар эвакуацияланып, коммуналдық мекеме қызметкерлері суды тысқа шығарған. Қарағанды облысының тұрғындары үшін су басу қаупі басым деген хабарлама бірнеше мәрте түскен.

Оралдықтардың да көңілін осы су тасқыны ортайтып тұр. Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Мира

ҚАРДЫҢ СУЫ ХАЛЫҚТЫ САНСЫРАТТЫ



Мүлкәй су басу қаупі орын алса, тұрғындарды мәдениет үйлері мен мектептерге уақытша орналастырудың қамын жасайтынын айтты. Орал қаласын қақ жарып Жайық, Шаған, Дөкөл сынды өзендер ағады. Қалаға қарайтын 160-қа тарта бау-бақша серіктестігі бар десек, соның 75-ін тасыған су басып өтуі мүмкін екен. Бұл дегеніміз, саяжайларда тұратын 16 мыңға жуық адамның тұрғынжайын су шаяды деген сөз. Осындай қатер туындай қалса деп әкімдіктегілер тұрғындарды эвакуация жасауға автобус бөлуді, қонақүй, тамақ жеткізуді қамтамасыз ету үшін асханалық мекемелермен алдын ала келісім де жасап қойыпты. Орал қаласында су тасқынының алдын алу жұмыстары жүргізіліп, су арнасы, арықтар тазартылып, қала аумағынан 850 мың текше метр қар шығарылыпты. Биыл да дайындықтың қамын жасап, жаңа техникалар сатып алынған. Бірақ Ресей аумағындағы қалын қар күрт ерісе, Оралды орай ағатын өзендердің су деңгейі де күрт көтеріліп, қауіп те жоғарылайды. Сондықтан сақтықта қорлық жоқ деп су басу қаупі төнген саяжай тұрғындарына құжатын жинап, мүлік-мүқамалын теңдеп, малын қауіпсіз жерге жайғап, суыт көшудің қамында болу қажеттігін де ескертті.

Осы күнде Батыс Қазақстан облысының Таскала ауданында төтенше жағдай жарияланды. Бұл ауданның елді мекендерін су басу қаупі әлі де тым жоғары. Су басқан үйлердің тұрғындары мектептерге жайғасып, уақытша паналап отыр.

Ақмола облысының аймағын да қызыл су басып, автожолдардан асып ағып жатыр. Ақмола облыстық төтенше жағдайлар департаменті облыстың бірнеше аудандарындағы көлік қатынайтын күре жолдарды су шайғанын жеткізді.

Биылғы қар суымен келген қесепат актөбеліктерге де ауыр тиді. Ақтөбенің өзінде 100-ден аса үйді су алып, тұрғындары көшірілді, Қандыағаш қаласына баратын көпірді тасыған өзен суы жарып өтіп, ағызып кеткен. Жолын су шайған жеті ауылдың жұртшылығымен қатынас үзілген. Ала жаздай арнасы құрғап, анқасы кеуіп, тусырап жататын Песчанка өзені биыл күтпеген мінез көрсетіп, долдана тасыған. Тасқын судың зардабын тартқан жұрт баспанасын тастап қашуға мәжбүр. Жергілікті әкім-қаралар бүлінген баспана мен шыққан шығынды өтеуге күш саламыз деп жұбатады.

Жылда жазамыз, жылда сұраймыз: тасқынның зардабын жоюға күш салғанша, апаттың алдын неге алмасқа? Қазір



әлеуметтік желілерде желдей ескен бейнелерде су басқан өңірлердегі өлген мал мен су ішінде қалған төрт түліктің жайын көріп жүрегің ауырады. Қызыл судың зардабын айналып келгенде қарапайым халық көріп жатыр.

Қазақ байырғыдан қотанындағы қойының құмалағы қарға бытырай батып кетсе, көктемнің ерте туатынын, жердің тез қызу алатынын болжаған. Әрі сол болжамы айна-қатесіз дәл келген. Содан кейін де «Ұлыс күні құмалақ қарға бармақ бойы батса, қырық күндік жерге арбамен шық. Құмалақ қар бетінде қыдырып жатса, қырық күндік жерге шаңамен шық» деп ескертетіні. Бұлай дейтініміз, төтенше жағдайлар министрі Ю.Ильин қызыл судың басуына ауа райының күрт жылынуы басты себеп болды делі. Қазір дамыған заман, ертеңіңді ғана емес, екі жылдық уақыттың ауа райын болжауға технологияның күші жетеді. Демек жауаптылар күн райының күрт жылынып, шуағын төгуде сарандық танытпайтынын алдын ала білді. Бізде жыл сайын осындай орынсыздыққа ұрындыратыны — қамсыздық, енжарлық. Оны министр Ю.Ильиннің өзі де айтып отыр. Қардың уақытылы шығарылмауы, су ағатын арықтар мен жылғалардың жаға-жиегінің тазаланбауы, су тасқынының алдын алуға қажетті материалдардың жеткіліксіздігі де осыған ұрындырды. Әйтпесе, мемлекет қазынасынан бөлінетін қаржы қомақты.

Еріген қар суының қағынуынан, тағы да айтамыз, қарапайым халық алдымен зардап шегіп, шығынға ұшырайды. «Бас аман болсын» деп өзімізді жұбатамыз, әйтеуір.

Нұрлан РАЗАҚ

Стахан БЕЛҒОЖАЕВ:

БОЙКҮЙЕЗДІК, МАСЫЛДЫҚТАН АРЫЛМАЙ, ІСІҢ ОҢҒА БАСПАЙДЫ

жырлағанындай, «жасаймын, істеймін» деген ынтасы зор адамға бәрін атқаруға болады. Кәсіпкерлікті жандандырып, шағын және орта бизнеске ерекше көңіл бөлініп, түрлі-түрлі бағдарлама әзірленіп, іске асырылып жатыр. Сырттан инвестиция тарту арқылы да ірі жобаны, өндіріс кешенін салып іске қосуға болады. Тек тынбай еңбектеніп, аянбай тер төгу керек. Қол-аяғы байғалай, тепсе темір үзетін азаматтардың кейде тіленіп, көмекке мұқтаж болып тұратынын көргенде қарнын ашады. Масылдық ешкімді де ұшпаққа шығарған емес.

Jas qazaq: Аға, бұйырса, алдағы күндері, нақтырақ айтқанда, 10 мамырда сексен алты жасқа толасыз. Аллаға шүкіршілік дейміз, әлі де аттан түспей, кәсіпкерлік саланы өрістетіп, жас ізінзді басар кейіңгі буынға үлгі көрсетіп келесіз.

Стахан Белғожаев: Қартайғанда шаруаны қойып, үйде отыруға да болады. Жаратқанға шүкіршілік, жиған несібеміз бала-шағамыздың ризығы. Осы күнде ештеп шаруаның басқару тізгінін балаларыма ұстатып, баулып жүрмін. Алматы мен Қарадала жазығының арасы 260 шақырымнан асып жығылады. Екі араға жиі қатынаудан ерсоқты болып, шаршайсың кейде. Бала күнімізден, беліміз бекімей, қабырғамыз қайысса да, қара жұмыстан тартынбай, керісінше еңбекпен есейгендікі ме, осы күнде бос отырсаң, қайта сүйек сыздап, буының қақсағандай болады. Қимылдау, жүру қан айналымына да, қанды алпыс екі тамырдың бойымен қуалай айдайтын жүрекке де пайдалы.

АДАМНЫҢ ЕСІМІ ТАҒДЫРЫНА ТАҢУЛЫ

Jas qazaq: Стахан аға, өмірбаяныңызға үңілсек, 1936 жылдың 10 мамырында Алматы облысы Кеген ауданының Жалауы деген ауылында өмірге келдіңіз. Стахан деп азан шақырып, есім иемденуіңізге сол жылдардағы стахановшылардың әсері бар ма?

Стахан Белғожаев: Неге әсер болмасын, өзін жақсы білесің, 1935 жылы Украинаның Донбасс қаласындағы кен орнында Алексей Стаханов көмір қазудан әлемдік рекорд орнатты. Бір түнде күнделікті нормадан бірнеше есе артық көмір қазған Стахановтың саки еңбегінен кейін «стахановшылар» қозғалысы ел-елде құрылды. Оларға халықтың, көпшіліктің ықыласы ерекше, құрметі алабөтен еді. Әкем де атұстар ұлының стахановшылар секілді еңбекпен есейгенін қаласа керек. Балалық шағымыз екінің дүниежүзілік соғыстың азап арқалатқан ауыртпалығымен тұспа-тұст өтті. Жоқшылықты, таршылықты көре жүріп, қиындықтың қамыты иығымызды қажаса да, қайыспай көтере білдік. Таршылықта, жоқшылықта жүріп, мойнымыз қаттып, бұғанамыз бекігеннен бастап еңбектеніп өскендікі ме, заманның ынғайы солай болды ма, біле білсек, тани түссек деген ынтызарлық, оқуға, білімге деген құштарлық ерекше еді.

төмамдап, архитектор-құрастырушы мамандығын да меңгердіңіз. Замандастарыңыз сіздің құрылысшылық қырыңызды студент кезіңізде-ақ байқатып, сонау Сібірдің сілемдеріндегі өзен суларын бөгеп, электр энергиясын өндіретін станса салғаныңызды айтады.

Стахан Белғожаев: Мәскеуде білім алмас бұрын Алматыдағы ауыл шаруашылығы мемлекеттік институтына оқуға түстім. 4-курста оқып жүргенде «Братск» су электр стансасының құрылысына қатысуға шақырды. Оқуды аяқтаған соң Алматы облысында, Алматы қаласындағы құрылыс нысандарының салынуына үлесімізді қостық.

«ҒАСЫР ҚҰРЫЛЫСЫН» АЯҚТАҒАН ҚАЙРАТКЕР

Jas qazaq: «Ғасыр құрылысы» атанған «Мойнак» су электр стансасын салуға не себеп болды? Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Сібірде жүргеніңізде, «Братск» су электр стансасы бой көтерген шақта осындай ой келмеді ме?

Стахан Белғожаев: Неге келмесін, түп санамда пісіп-жетілген көп ойлардың бірі осы — Мойнак су электр стансасын салу болды. Институтты аяқтайтын жылы дипломдық зерттеу жұмысымның өзегі де осы Шарын өзенінің аңғарына электр тогын өндіретін станса салу жайында болды. Сонау басы Қулық тауының мойнақтанып, жайдақтанып кетер жерінен созылып, Ақтоғай, одан бері Көртоғай» аталатын аңғардың әр жеріне суды буып бөген салып, станса тұрғызуға болады. Осы идея «Братск» су электр стансасы құрылысының басында жүргенде санамның түкпіріне мықтап ұялады. Жалпы Шарын өзенінің аңғарынан су электр стансасын салу ісі 1930 жылдары да мәселе болып көтерілген. Қайласын қағып, топырағын татып көрген гидролог мамандар бұл даланың суын бөгеуге асықпаса керек, Красноярск, Саян-Шушенск, Братск ГЭС-терін салуды күн тәртібе қойып, білек сыбана кіріскен. 1980 жылдардың орта тұсында құрылыс жұмысы басталып, 1992 жылы тоқырау тұсында тоқтап қалды.

2000 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа «Мойнак су электр стансасының» құрылысын қайта жандандырып, іске қосар болсақ, еліміздің оңтүстік өңіріндегі ірі электр энергиясын өндіретін орталық болатынын жан-жақты дәлел-дәйекпен нақтылап хат жаздым. Елбасы ұсынысымды құп көріп, қолдау көрсетті. Инвестициялық қаражаттың негізінде «ғасыр құрылысы» аяқталып, бұл күнде межеленген электр энергиясын өндіріп жатыр. Жергілікті Кеген ауданының, еліміздің басқа да аймақтарынан азаматтар барып еңбек етіп жүр. Бірнеше адам тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етілген және жұмыс істейтін шоғырдың ішінде жастардың қатары қалын. Кезінде егістік, кейін шабындық жер болған Ақтоғайдың қабағына қала типтес қалашық түсті. Ыстық суы, жуынатын

КӨКЕІКЕСТІ

Шаһар тынысы

Нұр-Сұлтанның әкімі Алтай Көлгінов тұрғындар көп жүретін Бектұров, Мұхамедханов, Қайсенов, Қабанбай батыр көшелері, Вена кварталы, «Zam Zam» тұрғын үй кешендері ауданын аралап шықты.

Осыдан кейін ол өзінің Instagram парақшасында: «Қала тұрғындарының шағымдары орынды. Жол жөндеу жұмыстары Елорданың барлық ауданында жүргізіледі», – деп жазды.

жерасты өткелдерін, жол белгілерін, жиектастарын, қоқыс жәшіктерін батпақтан тазартып, жуу жұмыстары жүріп жатыр. Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Темірлан Әрінов: «Ауа райы жылынған уақыттан бастап Сарыарқа ауданының көшелерін санитарлық тазалау жұмысына кірістік. Оған 431 жол жұмысшысы және 159 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Тазарту жұмысы тәулік бойы жүргізіледі. Тротуарлар мен асфальт, қоршаулар, жерасты өткелдері, жол белгілері жуылады. Қоқыс жәшіктері толығымен тазаланады. Осы жұмыстар үшін суару-жуу және

нысандар (мектеп және т.б.) орналасқан, сондай-ақ салынып жатқан аудандарды қосуды тапсырды. Әкімнің айтуынша, құрылыс жүріп жатқан аудандарда жол жоба бойынша салынып жатыр: алдымен инженерлік желілер толық салынады, содан кейін барып қана негізгі асфальт төселеді. Ал оған дейін жүруге жарайтын уақытша жол салынады. Екіншіден, жол жұмысы кезінде қаланың оң жақ бөлігі мен елді мекендерге көңіл бөлінеді. Себебі елді мекендерде қаламыз ел астанасы болғалы асфальт көрмеген жолдар бар. Соңғы жылдары 300 көше салынып, жөнделген. Үшіншіден, әкімдік қала тұрғындарымен өзара байланыс

орнатуды көздейді. Өткен жылы Бірге платформасын іске қосты. Бұл платформаға тұрғындар қаланы түрлі бағытта дамыту бойынша өз ұсыныстарын жібереді. Әр жоба бойынша дауыс беріп, ең

жақсысын тандайды. Қала әкімінің айтуынша, сондай үздік жобалардың бір бөлігі іске асырылды. Қала тұрғындары Бірге платформасы арқылы жол инфрақұрылымы мәселелеріне қатысты да шағымын жеткізе алады. Сол сияқты әкімдіктің, оның ішінде аудандық әкімдіктердің әлеуметтік желілері арқылы да жүгінуге болады. Сала мамандары соның бәрін зерттеп, тиісті шаралар қабылдайды. Төртіншіден, тиісті басқарма мен жол ұйымдарына жауапты әрі ауыр міндет жүктеліп отыр. Осы орайда астана әкімі: «Климаттық жағдайларға байланысты қаламызда абаттандыру уақыты қысқарады. Сондықтан ырғалып-жырғалып жүруге әрі сапасыз жұмысқа жұмсайтын уақыт жоқ. Жол жөндеу жұмысы өте сапалы орындалуы тиіс. Сапасыз жұмыстарды қабылдамаймыз. Ал тиісті деңгейде орындалмаса, сотқа береміз, оқшылықтарды өз есебінен жөндейтін болады», – деп жазды.

(Өз тілшіміз)

Қайырымды істер

Нұр-Сұлтанда қасиетті Рамазан айында көмекке мұқтаж отбасыларға азық-түлік себетін тарату жалғасып жатыр. Жыл басынан бері Елорданың 10 мыңнан астам тұрғынына жан-жақты әлеуметтік көмек көрсетілді.

Елорда әкімдігінің ресми сайты жазғандай, Нұр-Сұлтанда «Қайырымды істер» марафоны аясында қасиетті Рамазан айында тағы да бір жарым мыңнан астам әлеуметтік аз қамтылған отбасы азық-түлік себетін алады. Қайырымдылық іс-шарасын қала әкімдігі мен демеушілер бірлесіп ұйымдастырды. Азық-түлік жиынтықтарын таратуға ҚМДБ, еріктілер және жанашыр азаматтар үлкен көмек көрсетуде. Ал азық-түлік себеттерін жинақтау Әзірет Сұлтан мешітінде жүргізілді. Осы арадан қаланың 4 ауданындағы мұқтаж отбасыларға тасымалданды. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтері Дамир Айтымов: «Бүгін қасиетті Рамазан айында 1,5 мың азық-түлік себетін таратуды бастадық. Азық-түлік жиынтықтарын жағдайы төмен отбасылар алады. Олардың арасында ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедек жандар, зейнеткерлер, жетім балалар, көпбалалы аналар және т.б. бар. Азық-түлік жиынтығында ең қажетті тауарлар бар: май, ұн, күріш,

жарма, қарақұмық, кант, шай, томат пастасы. Бір азық-түлік себетінің салмағы – шамамен 20-25 кило», – делі. Биыл Наурыз мерекесі «Қайырымды істер» марафонының аясында өтті. Наурыз айында азық-түлік жиынтығын мыңнан астам мұқтаж отбасы алды. Қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға кәсіпкерлер, ірі ұйымдар, еріктілер және қала тұрғындары көмек көрсетеді.

қатысқандарға шын көңілден алғысын жаудырып жатыр. Елорда тұрғыны Сапура Байғұанова: «Жыл сайын осындай сыйлық алып тұрамыз. Бұл бізге үлкен жәрдем. Себетте қажетті тамақ өнімдерінің бәрі бар. Бізді назардан тыс қалдырмай, қасиетті Рамазан айында осындай көмек көрсеткендеріңіз үшін алғысын шексіз. Елімізде тек бейбітшілік болсын! Демеушілерге, еріктілерге және әкімдікке рақметімді айтамын!» – деп ризашылығын білдірді. Азық-түлік себетін алғандардың бірі – Нұргүл Аймағамбетова ерекше қажеттіліктері бар баланың анасы. Ол қала әкімдігіне, меценаттар мен еріктілерге алғыс айтты. Әкімдік осы қайырымдылық шарасын қолдауға, азық-түлік себетін жинауға және оны мұқтаж отбасыларға жеткізуге барлық адамды шақырады. Айта кетейік, жыл басынан бері Елорданың 10 мыңнан астам тұрғынына жан-жақты әлеуметтік көмек көрсетілді. Ал өткен жылы «Қайырымды істер» аясында мұқтаж астаналықтарға 15 мыңнан астам азық-түлік себеті таратылды.

(Өз тілшіміз)

1,5 мыңнан АСТАМ АЗЫҚ-ТҮЛІК СЕБЕТІ ТАРАТЫЛДЫ



Фото: Александр КУПРИЧЕНКО

«Сауабы мол іс жасау қашанда маңызды. Мұндай игі бастамалар көбейе береді деп үміттенеміз. Қайырымдылық шаралары кез келген адамның жүрегіне жылу сыйлайды», – делі ерікті. Ал себет алушылар дән риза. Олар ұйымдастырушыларға және қайырымдылық акциясына

Отандық өндіріс

Отандық өндіріс үшін шын мәнінде маңызды жаңалық: Атырау облысындағы газ-химия кешенінде газ турбинасы іске қосылды. Жаңа зауыт толығымен жұмысқа кіріскенде полипропиленнің 65 түрін шығара бастайды. Бұл – машина құрау, медицина және электротехникада пайдаланылатын негізгі шикізат. Сондай-ақ полипропиленнен орау материалдары, оргтехника, құбыр мен фитинг, кеңсе жиһаздары өндіріледі.



Ірі жабдықтардың бірін іске қосу – зауыттағы іске қосу-жөндеу жұмыстарының маңызды кезеңдерінің бірі. Іс-шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары – «KPI Inc.» ЖШС басқарма төрағасы Данияр Тиесов, жобаның бас мердігері CNCEC компаниясының және Siemens өндіруші зауытының өкілдері қатысты.

Әлемдік Siemens компаниясының регенерациялық ауа компрессоры пропанды дегидрлеу (PDH) қондырғысында үлкен көлемдегі ауа ағындарымен жұмыс істеуге арналған. Компрессордың конструкциясы сапалы, шыдамды және жұмыс істеуге ыңғайлы, ол қызмет көрсету мерзімінде тоқтаусыз жұмыс істеп, жоғары табысты қамтамасыз етеді. Газ турбиналары үшін негізгі отын ретінде табиғи газ қолданылады.

«ҚазМұнайГаз» басшысы Алик Айдарбаев: «Зауыт – еліміздің аумағында іске асырылып жатқан баламасы жоқ ең ірі жобалардың бірі. Мұнда ең озық технологиялар мен жабдықтар қолданылды. Соның ішінде осы газ турбиналық қондырғы да бар. Оны іске қосу зауыттың толық жұмыс істеуі үшін іске асқан тағы бір кезең болды. Жаңа зауыт қазақстандық нарықтың полипропиленге сұранысын толық қамтамасыз ете отырып, ел экономикасының дамуына оң әсер етеді. Сондай-ақ біздің экспорттық позицияларымызды күшейтеді», – деп атап өтті.

Өз кезегінде CNCEC өкілі Сюэ Инлин KPI, CNCEC және Siemens компанияларының тығыз және үйлесімді ынтымақтастығының арқасында газ турбинасы белгіленген мерзімде жеткізіліп, іске қосылғанын айтты.


Siemens компаниясының менеджері Дәулет Арыстанбаев әріптестеріне жоғары кәсібилігі және біріккен газ-химия кешені жобасында компания жабдықтарын іс жүзінде қолдануға мүмкіндік бергені үшін алғысын білдірді.

Полипропиленнің 65 түрлі маркасын шығаратын зауыттың негізгі құрылысы 2021 жылдың желтоқсанында аяқталған болатын. Құрылыс кезеңінде кәсіпорынға шикізат, электр энергиясы және бастапқы тұзсыздандырылған, минералсыздандырылған және техникалық су жеткізілді. Жобаны іске асыруға Siemens, MAN, Mitsubishi, Honeywell және басқа да ірі әлемдік компаниялар тартылды. Сонымен қатар, жабдық дайындаушы зауыттардың шеф-инженерлері жоғары технологиялық жабдықтарды іске қосу және онымен жұмыс істеуге қазақстандық мамандарды оқыту үшін Атырауға келді.



Айта кетейік, мұндай зауыт әлем бойынша бес мемлекетте ғана бар. Ал Атыраудағы газ-химия кешені – ТМД-ғы ең ірі өндірістің бірі. Осы жобаны жүзеге асыру арқылы «ҚазМұнайГаз» көмірсутегіні анағұрлым терең өңдеу бағытын игеруге көшеді. Жаңадан 500 жаңа жұмыс орны ашылатын кешеннің жылдық қуаты – 500 мың тонна.

Талап ТІЛЕГЕН





Демеу

Тіршілік тауқыметіне қарамастан, көз көлген қиындықты қайсарлықпен жеңетін адамдар болады. Біз ерекше қажеттіліктері бар жандар туралы айтып отырмыз. Көпшілігі қандай да бір кәсіпті жіті меңгеріп, білікті маман атануы үшін көз көлген кедергіден өтуге дайын. Оларға құрмет көрсетіп, өзгелерге үлгі етсек те артық етпейді. Осындай тағдыр сынына төтеп беріп жүрген жандармен кездесу үшін Алматы облысы Іле ауданына жол тарттық. Бағытымыз – «Прогресс» политехникалық колледжі.

Бізді осы колледждегі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шырайлы Маралбекова қарсы алды. Бірден үйіріп әкетіп, колледж ішін аралатуға бастап жүрді. Аралата жүріп, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған әлеуметтік жоба жайында әңгімеледі. Оның айтуынша, Алматы облысы Іле ауданындағы «Прогресс» политехникалық колледжіне 2010 жылы халықаралық компания қолдау көрсетіп, ерекше жандарға арналған кәсіптік білім беру жобасы қолға алыныпты. Содан бері бұл жоба тұрақты түрде өткізіліп келе жатыр екен. Шырайлы Арынқызының айтуынша, мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға бейімдеп, өмірден өз орнын табуға демеу болатын жобаға қатысушылардың қатары көп болыпты.

Шырайлы МАРАЛБЕКОВА, «Прогресс» политехникалық колледжі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



«Іле ауданында 3000-ға жуық жұмыспен қамтылмаған мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады. Олардың барлығы мемлекетпен бөлінетін жәрдемақыға қарап отыр. Ерекше жандарға арналған жобаның басты мақсаты — оларды қоғамға бейімдеу, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықты үйрету. Әрі қарай кәсіп үйретіп, мүмкіндігі шектеулі жанның қоғамнан өз орнын табуына ықпал ету. Одан бөлек, адамдармен қарым-қатынас орнатып, бос уақытын тиімді пайдалануына септесу. Қарымы мен қабілетіне қарай кәсіп үйрету. Былғы жылы үш мамандық бойынша курс өткізіледі. Олар — аспаз, тігінші және көконіс пен жеміс-жидек кептіруші. Қазір курсқа тәлімгерлер қатысып, тәжірибе алып жатыр. Біздің мақсатымыз — тұрақты жұмыс тауып бермесек те, ол адамның ертеңгі күні оқыған мамандығын әрі қарай алып кетіп, жандандырып, жұмыс істеп кететін маман тәрбиелеу. Осы мақсатта колледж ұжымы аянып жатқан жоқ».

Жобаға Іле ауданында тұратын мүмкіндігі шектеулі жандар қатыса алады. Тәлімгерлер қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Аспаздық бөлме ас пісіруге қажетті құрылғылармен жабдықталса, тігін бөлмесінде де керек-жарактың барлығын табасыз. Ең бастысы, үйренемін деп алдына мақсат қойған адамға жағдай жасалған. Шырайлы Маралбаева бізді асханаға ертіп апарып, аспаздықтың қыр-сырын меңгеріп жатқан Ақжол Қатарбековпен таныстырды. 31 жастағы Ақжолдың бала кезден көзінің кемістігі бар. Жұмысқа құлшынып тұрған жігітті әңгімеге тарттық. — Ақжол, сіз қазір қандай мамандықты үйреніп жүрсіз? Жоба жайлы қайдан білдіңіз? — Мен бұл жоба туралы аудандық кеңестен білдім. Көп ойланып жатпай, бірден келдім. Жаныма жақыны аспаздық мамандығы болды.

Таным

Ізгілік — енегелік шыңы, қайырымдылық бастамасы. Ізгі адам қашанда өзгелерге жақсылық тілеп, қамқор болып, көмектесіп, қайырымдылық жасай отырып, басқалардың жүзіне қуаныш ұялатып, жүрегіне шаттық сыйлайды. Мұқтаж жандарға қол ұшын созу, көмек көрсету — міне, ізгіліктің нақты көрінісі! Әр адамның қайырымдылық жасап, ынта-шынтасымен мұқтаж жандарға қол ұшын бөруі — сауапты іс.

Әлемнің екінші ұстазы атанған ойшыл ғалым Әбу Насыр әл-Фараби қайырымды (ізгі) қала тұрғындары қандай болуы керектігіне терен талдау жасаған. Ғалым «Қайырымды қала тұрғындары туралы» еңбегінде халық бақытты өмір сүруі үшін елді жақсы тұлға басқаруы керек деп түсіндірген. Ал, жақсы адам — әділ, инабатты, мейірімді, жан-жақты білімді, жақсылыққа жаны құмар, қайырымды, батыл, жомарт, өнер мен білімді сүйетін адам болуы тиіс. Жалпы алғанда, адамзат баласының ең ұлы арманының бірі де осы қайырымды, идеал қоғам. Қоғамда адамдар бір-біріне көмек көрсету арқылы кемелділікке жетіп, тыныштығын сақтайды. Үйлесімді өмір

Өзім Іле ауданы Байсерке ауылының тұрғынымын. Көзім жеті жасымнан нашар көреді. Қазір үшінші топтағы мүмкіндігі шектеулі жандардың қатарындамын. Өтеген батыр кентіндегі «Прогресс» колледжінде біз сияқты тағдырлас жандарға арналған жоба жайлы естіп, алғашында қатты қуандым. Жүрексініп, «қалай болар екен» деп аздап қобалждым да. Ақыры кондитер-аспазшы мамандығын тандадым. — Курс ұнай ма? Алған әсерің қандай? — Сабакка алғаш келген күннен курсқа бірден бойым үйреніп кетті. Шыны керек, бұл жоба менің өміріме үлкен өзгеріс әкелді. Одан бөлек, болашағыма деген үміт пен алға ұмтылыс пайда болды.



ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ЖАНДАР

Өздеріңіз де білетін шығарсыздар, «мүмкіндігі шектеулі жан» деп бізді көп нәрседен шеттетеді. Ал менің ойымша, біздің басқа адамдардан ешқандай айырмашылығымыз жоқ. Ең бастысы, мен өзіме берілген сабақты мыыма тоқып, әрдайым ұстазым айтқан ескертпелерді түзетіп отырамын. Бүгінде дәмді тамақтан бөлек, тәтті бәліш, бауырсақ, түрлі салаттар мен самсаның бірнеше түрін пісіре аламын. Жобаға қатысқалы бірнеше дос таптым. Адамдармен араласып, қоғамның бір бөлшегі болуға барынша тырысып жатырмын. Адам ешқашан еңбектен қол үзіп, үйде отырмауы керек. Өзім ізденгенді жақсы көремін. Спорттың да бірнеше түрімен айналысып, өзім қатарлы жандар арасында спорттық жарыстар ұйымдастыруға белсене араласамын. Адам алға қарай ұмтылып, алдына мақсат қойғанда ғана жетістікке жетеді. Сондықтан өзім сияқты жандарға айтарым да бар. Оларға алдынан шыққан кедергіні жеңіп, көңілі қалаған іспен айналысуына кеңес беремін. Мен колледжде өтетін бірде-бір тәжірибелік сабақтан қалғым келмейді. Ондағы



МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

МАМАНДЫҚТАР	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2020	2021
Тігінші	30	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10
Шаштараз		10	10	5	5	10					
Наубайшы			10	10	10	10	10	10	10	10	10
Саңырауқұлақ өсіруші		10		10							
Тырнақ өрлеуші				5	5						
Компьютерлік сауаттылық							10	10	5	5	5
Массаж жасаушы							10				
Аяқ киім жөндеу шебері								10			
Бейнеоператоры									5		
Жеміс-жидек кептіруші										5	5
Барлығы	30	30	30	40	30	30	40	40	30	30	30

КУРСҚА ҚАТЫСУ БАРЫСЫНДА МЫНА МЕКЕМЕЛЕРДЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ:

1. «Жігер» мүгедектер қоғамы
2. «Інжу» ЖК тігін ательесі, Ащыбұлақ ауылы
3. Алматы қаласы құлағы нашар еститіндер қоғамы
4. Dolce-Pharm ЖШС фармацевтикалық компаниясы
5. Іле аудандық әлеуметтік қамту орталығы

Шаштараз, массаж жасаушы және тырнақ өрлеуші мамандықтары бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бар.

ІЗГІЛІКТІҢ СӘУЛЕСІ

сүреді. Ұлы ғұлама толық мәнді қоғамды ұлы, орташа, шағын деп үшке бөледі де, оларды адамзат баласы қоғамдарының тұтас жиынтығы дейді. Ізгілік пен кемелділік дәрежесіне ең бірінші қала жетпек. Университетіміз данышпан Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары туралы» еңбегін игілікке жаратып, «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында білім алушыларды қайырымдылыққа тәрбиелеп келеді. Сондай ізгі шаралардың бірін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ақпараттық технологиялар» факультетінің «Информатика» кафедрасының профессоры Н.Н.Керімбаевтың жетекшілігімен «Балалар жылына» орай Наурыз мейрамы қарсаңында



Алматы қаласы әлеуметтік әл-ауқат басқармасының КММ «Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға дастархан жайып, қайырымдылық іс-шарасы өткізілді. Жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни қайырымдылық пен ізгілікке тәрбиелеу, адам жанының рухани құндылығын дамыту — заман талабы. Егер адам рухани байлығынан айырылса, онда ол бүкіл сезімнен жұрдай болады. Сөйтіп материалдық дүниені басты мақсатқа айналдырған қоғамдық даму адамзатты рухани жұтаңдыққа душар етіп, құндылық бағдарын өзгертіп

мақсатым — жаңа нәрсені үйрену. Көңілге тоқу. Адамға білім ешқашан көптік етпейді. Бүгінгі алып жатқан тәжірибем алдағы уақытта жақсы өмір сүруіме септігін тигізетініне сенімдімін. Ақжол кураторы көрсеткен тапсырмаларды байыппен тыңдап, тұшпара жасауды жалғастырды. Жігерлі жігітке сәттілік тілеп, қоштастық. Тігінші мамандығын даярлау кабинетіне келгенімізде Дария Родина өзінің авторлық қуыршақтарын тігіп отыр екен. Ол өз қолымен тіккен 1-2 туындысын бізге көрсетуге арнайы ала келіпті. Дарияның жасы он жетіде. Ол осы колледжде бағдарламашы мамандығы бойынша білім алады. Ал мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жобада тігінші мамандығы бойынша курсқа қатысып жүр. Бойжеткен туғанынан церебралды сал ауруына шалдыққан. Денсаулығына қарамастан, Дарияның он саусағы тігін тігу мен сызба сызуға икемді. Оған талабы мен ниетін қосыңыз. Біз

ДЕРЕК

(2010-2018 жж.)

ЖОБА АЯСЫНДА ІЛЕ АУДАНЫНДА 270 МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰРҒЫН КӘСІПТІК БІЛІМ АЛДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ НӘЗІК ЖАНДЫЛАР – 216.

2010 ЖЫЛДАН БАСТАП ТІГІНШІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША – 100
2011 ЖЫЛДАН БАСТАП ШАШТАРАЗ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША – 30
2012 ЖЫЛДАН БАСТАП НАУБАЙШЫ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША – 60
2013 ЖЫЛЫ ТЫРНАҚ ӨРЛЕУ ШЕБЕРІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША – 10
2016 ЖЫЛЫ КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ БОЙЫНША – 10
2016 ЖЫЛЫ МАССАЖ ЖАСАУШЫ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША – 6

дизайнер қызды сөзге тартып, болашақ жоспары туралы сұрадық. — Дария, жоба бойынша тігінші мамандығын тандауыңның сыры неде? — Кішкентайымнан қолыма ине ұстап, мультфильм кейіпкерлерінің суретін салуға әуес болдым. Бүгінде аталған колледжде программист мамандығы бойынша білім аламын. Одан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жобаға қатысамын. Бала кезімнен киім пішіп, көйлек тігуге құштар болғандықтан, жоба ішіндегі тігінші мамандығын тандадым. Курстан үйренгенім көп. Қазір анам екеуміз тапсырысқа киім тігіміз. Одан бөлек, өзімнің авторлық қуыршақтарым да бар. Түрлі кейіпкерлердің суретін компьютерде салып, қуыршаққа айналдырамын. Бұл менің хоббиім десе болады. Бүгінде жоба аясында тігін тігудің негізгі түрлерін үйреніп жатырмын. Мұндағы ұстаздар мен тәлім берушілер ерінбей-жалықпай, ерекше ықыласпен үйретеді. Осында келіп, жаныма жақын құрбылар таптым. Адамдармен қарым-қатынас орнатуды үйрендім. Болашақта дизайнер мамандығын жалғастырып, жоғары оқу орнында білім алғым келеді. Өзімнің дизайнерлік жұмыстарымды да елге көрсетсем деймін. Менің өмірлік қағидам — ешқашан кері шегінбеу. Қандай жағдай болса да төзіп, сынақтардан сүрінбей өту керек. Бізге осындай жағдай жасап, кәсіпке үйретіп жатқан жоба ұйымдастырушылары мен басшылығына алғыс айтамын, — деді Дария. Бүгінде жоба аясында 80-ге жуық адам мамандық алып, түрлі салада жұмыс істеп жүр. Денсаулық кінәратына қарамастан, білуге, үйренуге құштар жандардың талпынысы керемет. Тағдыр тауқыметін қайсарлықпен жеңе білген өр мінезді ерекше жандарды көргенде, дені сау жұмыссыз азаматтар ойланса екен дейміз.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

жіберуі мүмкін. Сондықтан ең басты этикалық қайырымдылыққа ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік жатады. Ал интеллектуалдық қайырымдылық — даналық, парасат, ақыл-ой тапқырлығы мен сезімталдық. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау — қайырымдылықтың, ізгіліктің көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Қазіргі таңда түрлі қорлар қайырымдылық іс-шараларын өткізеді. Адам бойындағы ізгілік сәулесін шашып тұратын құнды қасиеттердің бірі — қайырымдылық. Өзін қоршаған ортаға мейіріммен қарап, сыйластық танытып, қамқорлық көрсету, дұрыс қарым-қатынас жасау арқылы, адам жаны ізгілік пен мейірімділік, қайырымдылыққа толы болады. Мұқтаж жандарға жасаған ізгілікті істің нәтижесі, сол адамдардың алғысы мен ризашылығы болмақ. Айналадағы адамдарға қуаныш сыйлап, алғысын ала білген де үлкен бақыт.

Ж.ӨМІРЗАКОВА, Н.НҰРЫМ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Ақпараттық технологиялар» факультеті «8D01502-информатика» мамандығының 1-курс докторанттары

АИМАҚ

Үлгі:өнеге

Түркістан облысы Ордабасы ауданында тұратын Ай қажы апа осылай деді. Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінде өткен сырласу сағатында Айымхан Рахиева жай күндері өмірден тұңліп, салы суға кетіп, өз бетінше әрекет еткісі келмей, «мемлекет маған не береді» деп сұрана беретін, сондай-ақ жетістік кілтін іздеп жүрген қыз-келіншектерге ақыл-кеңес беріп, бір рухтандырып тастады.

...Ол талайлы тағдырды бастан кешті. Соғыстан кейінгі киын-қыстау заманда өмірге келіп, балалықтың бал дәмін тата алмады. Жалғыз ұлы соғыстан қайтпаған отбасында өмірге келгені үшін асыр салып, алаңсыз ойнай алмады. Бұғанасы бекімей ауыр енбек етті. Үй іші, отбасы кара жамылып, сүренсіз күндерді өткізді. Күндер өтіп, жылдар жылжып, тұрмыс құрды. Енбектен қол үзбеді. Шиеттей он шақты баламен ерінен ерте айырылып қалды. Жылады. Құлады. Күнiренді. Шанырағының иесі аманаттап кеткен балалары үшін ол жылап тұрып жұбанды, құлап жатып тұрды! Кәсіп ашты, балаларын тәрбиеледі. Сан рет

«ҰЙҚЫМЕН ДОС БОЛМАҢДАР!»

жығылды. Сан рет аяғынан тік тұрды. Бүгінгі күні ол еселі енбегінің жемісін көріп отырған ана! Аяулы әже!

Ол кім дейсіз ғой?! Ол – Айымхан Рахиева апам!

Бас-аяғы 30 жылдай медицина саласында қызмет етіп, 1995 жылы көпбалалы ана болған соң зейнеткерлікке шықты. Ері жастай қайтыс болып кетті. Ол кезде баласының үлкені әскерден жана келген, кенжесі 2 жаста еді. Балалары жас болғандықтан, белді бекем буып, бір өзі еркектің де, әйелдің де рөлін атқаруға тура келді. 10 баланы аяққа тұрғызу жалғыз әйел тұрмақ, ер-азаматқа да оңай емес қой!

— Қазір байқаймын, көп әйелдер екі-үш бала туып ап, мемлекетті кінәлайды. Өзім кінәлімін дегенді естідіңіздер ме? Жок. Қазақстанда жағдайымыз жақсы десек те, неге олай?! Мен бәрі адамның өзіне байланысты деп айтар едім. Өзіне сенбеушілік, жұмыстың көзін таппаушылық. Аяқ-қолымыз бүтін. Немен айналысасак та, үкімет бізге бар жағдайды жасап отыр. Ешкімге бағынбаймыз, немен айналысқымыз келсе де, өзіміз білеміз.

Жетістікке жетуің кілті де өз қолымызда. Жетістікке үлкен енбекпен, қиындықпен келдім, — деп бастады Ай апамыз сөзін. —



Мен сол сатылардың бөрінен өттім. Әйел, ол — ана. Ниетпенсе, кез келген ауқымды іспен айналысып, үлкен жетістікке қол жеткізе алады. Әйел, ол — отбасы, ошақ қасының ұйтқысы. Оның баласына деген махаббаты, жан шуағы кез келген түйткілді шешуге көмектеседі. Мұны өзім сол сатылардан өткен ана ретінде айта аламын. Қазақтың қыз-келіншектерінің қолынан өте көп іс келеді. Отыз жылдай медицина саласында жұмыс істеп, кәсіби мамандығыммен қабаттастырып, қол мәшінкесімен көрпеше тіктім, тоқыма тоқыдым. Бала санымен зейнеткерлікке шыққаннан кейін еш кідірместен, кәсіпкерлікке бет бұрдым. Өйткені ойланып отыруға менің мүмкіндігім болмады. Бас ием болмағаннан кейін «Анам не алып келеді?» деп отырған шиеттей бала-шағаны асырау қажет болды. Солардың күндік тамағын тапсам

екен делім. «Айналайын Алла, елдің алдына түсіп кетпей-ақ қоййыншы. Елдің алды емес, арты емес, ортасы боп, киімім бүтін, тамағым тоқ болса екен!» деп тілеген едім. Аллаға шүкіршілік, адал енбегімнің нәтижесінде ешкімге алақан жайған емеспін. Ауылдағы «Сүт асханасында» он шақты жыл менгеруші болып істедім. Күллі



пайдамызға қуанамыз. Жылдар жылжып өте берді. Он баланы жеткізу үшін тырбанып тіршілік етпексе болмады. Ауылдағы бос жатқан егіндік жерлерді игеріп, мақта егуді ойлادым. Ауылды аралап, үй-үйдің есігін қақтым. «Айналайын, тікен басып, бос жатқанша мен алып жұмыс жүргізейінін. Қазір көк тиыным жок. Шиеттей бала-шаға. Бірақ өнімнен төлеуге уәде етейін» деп келістім. Осылайша 30 гектар суармалы жерді жалға алып, мақта ектім. Бірінші жылы болмай қалды. Мақтаның бағасы 5 теңгеге дейін құлдырап кетті. Екінші, үшінші жылы да жалдадым. Қайтпадым. Үшінші жыл дегенде мақтаны зауытқа өткізіп, ақшасын алдым да, үйме-үй қарызымнан құтылып шықтым. Қарыз ақша дегенді ұнатпаймын. Өзіме пайда қалған жоқ. Одан кейінгі жылдарда да қорықтаптан, осы ісімді жалғай бердім. Мақта, бидай, қарбыз, қияр дейсін бе, әйтеуір, әуірімдеп, тиынды-тиынға құрап, алға жылжып отырдым.

Осылай деген Айымхан Рахиеваны Темірлан ауылының тұрғындары бір кездері «көк Москвич» немесе «Жылжымалы садик» деп атап кетіпті. Себебі ауылда ешқандай әйел баласы көлік айдамаған кезде мәшине айдап, техниканы өзі менгеріп алған. Күллі ДТ, төрт

дөңгелекті 80, үш дөңгелекті 28 болсын, барлығын өзі басқара біліпті. Бұзылып қалса, көк Москвичті зыудлатып айдап, ауыл-ауылды аралап, керек затын түнгі 3-те болса да тауып келеді екен.

Мектепте қосымша механизаторлық мамандықты алғанының пайдасы қайнаған енбекке араласқан кезінде тиіпті. «Ауылда әйел баласы көлік айдамаған кезде менің көк Москвичім болатын. Менің шын атымды ешкім білмейді десем де болады. Қазір көк Москвичті ұмытты, бұл күнде Ай апа деп айтатын болды. Бейнетімнің нәтижесінде тауып алған аттарым ғой. Сүт сатқан кезімде «Сүт апа» деп айтатын. Ол кезде ең кішкентайым өкесінен 2 жасында қалды. Үлкенім мектепті енді ғана бітіп, әскер қатарынан келіп жатқан кезі еді. Кіші балаларымды Москвичке салып, қайда барсам да өзіммен алып жүретінімін. Күні бойы мақтада қасымда болады. Арасында еккен қауын-қарбызшымызды көлікке артып алып, дүкендерге өткіземіз. Ондайда балалар Москвичтің ішіне сыймағандықтан, төбесіне шығып отырады. Үнемі балалар толып жүретіндіктен, «Жылжымалы садик» деп атап кетті ғой», — деп еске алады өткен өмір бестелеріне көз жүгірткен кейіпкеріміз.

Шүкіршілік, осының бәрі Алланың қалауымен болып жатқаны аян. Ай апамыз кіші және үлкен қажылыққа барып келді. Ең алдымен, кішкене дүңгіршектен бастап онан кейін аукционға қатысып, жер сатып алып, «Ай» сауда орталығын, «Ай» тойханасын, «Ай» моншасын ашып, халыққа қызмет көрсетіп отыр.

Қазіргі кезде суармалы егістікпен, жылжыжай шаруашылығымен айналысады. Кішігірім шлакоблок цехын ашқан. Балаларының барлығы жоғары білімді. Ауыл адамдарының айтуынша, Айымханның балалары жүзкітін көзінен өткендей. Ел арасында «Ай апа» атанған Айымхан Рахиева қоғамдық жұмыстардан да қол үзген емес.

Ордабасы аудандық ата-аналар комитетінің төрайымы, аудандық қамқоршылық кеңестің төрайымы, аудандық ардагерлер, әжелер алқасының, аудандық мәдениет үйіндегі әжелер ансамблінің, аудандық аналар мен ассамблея кеңесінің мүшесі, аудандық кәсіпкерлер палатасында Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы, AMANAT партиясы Ордабасы аудандық филиалы жанындағы экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің құрамында.

«Өзім жақсы ана, жақсы әже бола алдым деп ойлаймын. Алладан бала-шағам ұялмайтындай ана болсам екен деп тілеген едім. Енді қандай перзент болу өздерінің қолында», — деп аяқтады сөзін Ай апа.

Дәулет пен жетістікке таза енбекпен, адал ниетпен қол жеткізген Айымхан Рахиеваның өмір өрнектерінен өзге қыз-келіншектер де үлгі-өнеге алса екен деген ой біздікі.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Тағлым

Әлқисса, 1995 жылы наурыздың соңына таман тәуелсіздік алған елдер журналистерінің делегациясы құрамында АҚШ-қа барудың сәті түскен-ді. Солтүстігіндегі суық өлке – Миннесота штатында бірер күн болып, оңтүстігіндегі ыстық жерге – Калифорнияға ұшып келдік. Өздеріңізге белгілі, Лос-Анжелестің құрамына кіретін Голливуд АҚШ киноөндірісімен тығыз байланысты. Бұл қалада неше түрлі киностудиялар бар және дүние жүзіне танымал киноактерлер тұрады. Мұнда өлемге әйгілі «Даңқ саяжолы» – Голливуд бульвары мен Вайн-стриптегі танымал адамдардың есімі 2600 жұлдызбен айшықталған тротуарды да көрдік.

«ТҮЛКІБАСЫ – ҚҰТ МЕКЕН»

НЕМЕСЕ БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕГЕ БІРІКІРГЕН ІС

Бізді бірден қала қонақтары ат басын жиі бұратын, 1923 жылы тұрғызылған Голливуд таңбасына саяхатқа алып барды. Қала құрылысшылары жарнама қою үшін 18 ай ғана тұрады деп, сол кездегі бағамен 21 мың АҚШ долларына баннер қойған екен. Алғашқы атауы — HOLLYWOODLAND. Кейін, 1949 жылы LAND қосымшасы алынып тасталған. Әріптерінің биіктігі бастапқы кезде қазіргісінен 1,5 метрге биік, яғни — 15,2 метр болыпты. Ағаш пен құбырдан жасалып, бекем қондырылыпты. Шырақшы түнде шамдарын жағып тұрған екен. Ал ұлы тоқырау тұсында күтім қожырап, мыстан жасалған қаптамалары сатылып та кетіпті. 1932 жылы бұл жерде бір жас актриса өзіне қол жұмсап, шырақшы көлігімен апатқа ұшырап, қайғы орындай көрінген соң, алып белгіні алып тастағысы келгендер шығыпты. Бірақ қала халқы оған қарсы шыққан ұқсайды. Сөйтіп, 1973 жылы бұл танба «Лос-Анжелестің мәдени және тарихи ескерткіші» мәртебесін алады. Арала он шақты жыл өткенде әріптері

көрінетін нәтижесі жадыны жаңғыртып, қоғамдық санаға қозғау салады. Ол үшін бұрыннан дәстүрге айналған жалпыхалықтық сипаттағы сенбіліктің өзін басқаша ұйымдастыру керек болды. Сонымен 2005 жылы ауданымыздың ізгі мұратын, миссиясын анықтай түсетін ұғымды көрнекі жерге, Бесжал таудың бөктеріне «Түлкібасы — құт мекен» деп жазып қоюды ұйғардық. Жоба

ЕЛДІҢ БАСЫН БІРІКІРЕТІН, БІРЛІГІН АРТТЫРАТЫН ТЫҢ ЖОБАЛАРДЫ ОЙЛАСТЫРДЫҚ. ОЛ ӨСТЕ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕЛЕРДІ АТАП ӨТУМЕН ЖӘНЕ ТҮРЛІ МЕРЕЙТОЙЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕСЕ КЕРЕК.

өбден пысықталып, орналасатын жері анықталып, жоспар бекітілгеннен кейін аудан тұрғындарымен кеңесіп, ашық кездесу өткіздік. Ортақ жұмыс тәртібін белгілеп, әрбір ауыл округіне бір-бірден



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ БАСЫН ҚОСЫП, БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕГЕ БІРІКІРЕТІН ІСТІҢ БӘРІ СОЛ ЖЕРДІҢ ҒАНА ЕМЕС, ЖАЛПЫ БІРЛІКТІ, ЕҢБЕКТІ ҚАДІРЛЕЙТІН, ОТАНСҮЙЕР АДАМЗАТ ҮШІН ЕРЕКШЕ МӘНГЕ ИЕ ҚАДАМҒА АЙНАЛАДЫ.

құлап, тоза бастайды. Ескерткішті сақтап қалуға аттышулы «Плейбой» журналының негізін қалаушы Хью Хеффнер көмекке келеді. Ол әрбір әрпін аукционда 28 мың долларға сатып, меншікке айналырады. Кейін дәулетті адамдардан көп қаржы жинап, орнына тұрғын үй салғысы келгендерден де құтқарып қалады. 1984 жылы жазғы Олимпиада өткенде, түнде жанатын жарығы қосылады.

Қазір бұл танбаға жол жабық. Алайда қауіпсіздік шарасы үшін күндіз-түні бейнебақылау орнатылған. Бір қызығы — бұл танбаның авторлық құқығы сақталған. Оны түрлі мақсатқа пайдалануға, суретін рұқсатсыз түсіруге болмайды. Суретке түсіру үшін — 60 доллар, бейнетүсірілім үшін 625 доллар талап етіледі. Оны қалағалайтын арнайы компания да бар. Міне, өркениетті елде туристерді тартудың осындай түрлі тәсілдері қолданылады.

Ал бізде қалай? Еліміздің табиғаты тартымды, климаты тәуір өңірлерінде туристер үшін есте қаларлық қозайым нысандар бар ма?

Алматыдан Шымкент — Түркістан бағытында әуе, теміржол, автомобиль көлігімен сапар шеккен жолаушы көзіне тау бетіндегі «ТҮЛКІБАСЫ — ҚҰТ МЕКЕН» жазбасы түседі. Оның Америкадағы әйгілі Hollywood (Голливуд) жазуы сияқты өзіндік қызық тарихы бар. Сонау 2004 жылы аудан әкімі болып тағайындалған соң, мың сан шаруа қатарында жастарға туған жердің тарихын, байлығын, қадірін ұқтыру шараларын ұйымдастыра бастадық. Елден шыққан ғалымдарды, айтулы тұлғаларды аудандағы мектеп оқушыларымен жүздестіріп, мамандық тандауына, ғылым жолына түсуіне бағыт-бағдар беріп, білім саласына зор ықпал етуге тырыстық. Сонымен бірге, елдің басын біріктіретін, бірлігін арттыратын тын жобаларды ойластырадық. Ол өсте ұлттық мерекелерді атап өтумен және түрлі мерейтойлармен шектелмесе керек. Әрине, тұрғылықты халық қатысқан іс-шара, қолдан тұрғызылған, тер сіңген нәрсе жұртты жақындастыра түседі. Мақсатты енбектің көзге

сенбілікке қатысушыларға едәуір қиындық туғызғаны рас. Көпшілік талқысы ортақ міндетті шешуге қатысты түрлі жұмыс тәсілдерін ортаға салды. Тау биігіне құрылыс

салып, тәжірибе жинақтаған Қытай еліндегі өрісте жайылатын әрбір қойдың үстіне қос кірпіш жүктеп жеткізетін әдіс те, өзге де онтайлы ұсыныстар қарастырылды. Дегенмен, әкті тауға асарлатып тасу «қол жалғау» әдісімен-ақ жүзеге асты. Бұл — халқымызда бұрыннан бар дәстүр. «Көп жұмылса, тау қопарады» дегеннің растығына сол кезде тағы бір көз жеткіздік. Бүгінде аталған жазу манынан «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» күресжолы, Алматы — Шымкент теміржолы өтеді. Ауданымыздың ерекше символы (*рәмізі, визит картасы*) ретінде жастар үйленген кезде немесе құрметті қонақтар келгенде естелік суретке түсетін орынға, көрікті жерге айналғаны — ортақ мақтаныш. Осындайда Оңтүстік Кореяның астанасы — Сеулдің тарихи бір қақпасын қайта қалпына келтіруге барлық қала халқының қатысқаны туралы тарихи оқиға еске түседі. Оның тағылымы — тұрғындардың басын қосып, бір мақсат, бір мүддеге біріктіретін істің бәрі сол жердің ғана емес, жалпы бірлікті, енбекті қадірлейтін, отансүйер адамзат үшін ерекше мәнге ие қадамға айналады. Игі істі естіген, көрген кісі бойында құрмет сезімі туады. Түркістан өңіріндегі осы белгінің де ұрпақ үшін тәрбиелік манызы айрықша деп ойлаймыз. Өйткені, Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза сынды қазақтың біртуар перзенттері туған өлкенің, дүние жүзіне әйгілі, қайталанбас табиғаты бар Ақсу-Жабағылы қорығы бар өлкенің әлемдік туризм картасынан өз орнын ойып алатын жөні бар. Оған тек қаржы ғана емес, халқымыздың сүйіспеншілігі, қоршаған ортаға деген жана көзқарасы қажет.

«Түлкібасы — құт мекен» таңбасы бірнеше ән-жырдың да дүниеге келуіне себеп болды. Жалпы, туған жерге деген махаббаттың белгісіне айналған көрікті танбаға бүгінде ауданның ғана емес, облыстың әрбір тұрғыны ерекше сағынышпен, құрметпен әрі мақтанышпен қарайды.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Естелік

«БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ОЛҚЫЛЫҚ»

Біз толықканды ұлтпыз ба? Сенін бұл сұрағын баршамызды ойлантатын сұрақ. Аумалы-төкпелі кезеңнің бәрін де өзіне тән қабілет-қасиетін, яғни әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін, дінін, ділін сақтап, жоғалтпай дамыта білген, қала мәдениеті мен озық техника жетістігін менгеріп, сауда қазанында қайнаған ұлтты толықканды ұлт дейміз. Бұл жағынан біздің жетістігіміз шамалы.

Ұлттық құндылықтарымызды жойып алмау үшін не істегеніміз жөн? Толықканды ұлт болып қалыптасуымыз керек. Онсыз айналамызды қауіп-қатер торлап, қайда бара жатқанымызды аңғармайтын, бейнелеп айтқанда, тұманды күнгі мұз үстінде келе жатқан жандарға ұқсаймыз.

Кешегі ойсырай жеңіліс тапқан, үйлері, қалалары қирап, көп шығынға ұшыраған Германия аз уақыт ішінде-ақ аяғын тік басып, дамыған алдыңғы қатарлы елдердің біріне айналды. Қалайша деп сұрамайсың ба?

Қалайша?

Себебі неміс халқы толықканды ұлт. Бұдан шығатын қорытынды — басына



— Қарттар тек өзі ұнатқан адамымен ғана сөйлескісі келеді. Алайда оның да көңіліне қарау керек. Мысалы, мен Мамытбек деген атақты «ақымақпен» сырласуға құштармын. Ал ол менен гөрі дос-жарандарымен сөйлескісі келеді. Кейде: «Қайда бардың, не көрдің, қандай көлге сүнгідің, ол көлден көмулі алтын таптың ба, таппадың ба?» — деген нәрселерді сұрап, білгенше асығамын. Көл деген сөзімнің астарын түсінерсіз?

— Түсінем, түсіндім, — деп таныс қартым ішегі катып күлді.

Баукен шалқалай жатып сөзін жалғады.

— Саған айтар ерекше жаңалығым, кеше үйіме дәрігер келіп, анализ алатынын айтты. Мен:

— Бұл әрекетіңнен маған қандай пайда бар? — деп едім:

Жылау — Құдайға қарсы шыққандық», — деп кісісі өлгендердің көз жасына тыйым салған. Бұл қайғы құшқан жандарды жұбатудың әлемдік ең үздік, ең ізгі үлгісі. Арабтардың өлген адамына жыламайтын себебін енді түсіндің бе?

— Түсіндім.

— Мұхаммед пайғамбар өлген кісінің денесін екі-үш сағат ішінде жер-ана қойнына тапсыру керек деген. Біздің казактар қайтеді?

— Шанырағына қондырмаса болмайды, — деп бір күн қондырады. Баласы, не туысы алыстан жетіп үлгергенше өлікті күттіріп қояды. Ол — ол ма, қаралы үйдің жылқысын, не сиырын сойғызып, көл-көсір дастархан жасатып, бала-шағаны нәсібесінен айырады. Жөк-жұтандар намысқа тырысып, жұрттан қарыз алады.

Мұның сыртында «сүйекке мен түсем, мен» деп таласатындарын қайтерсің? Олардың ондағы мақсаты — магазиннен сатып әкелген киімдерге ие болу. Ол киімдерде тағы «бағасы жазылған қағазы бар ма, жоқ па» деп тексереді. Жөк болса, лактырып тастайды. Ең жиіренішті жағдай, жұрт тойға жиналғандай қаралы үйде арақ ішеді. Бұл не деген сұмдық?!

Арабтар сыртымыздан: «Қазак, ақымақ ісіңмен дүние жүзіне болдың мазак», — деп күледі. Олардың ол күлгені дұрыс.

Біздің елде бұрын жоғарыдағыдай келесіз жағдай кездеспейтін. Мысалы, Мамытбек «данышпан» туыс ағасы өлсе: «Өзім жақсы көретін ағатайым еді. Шалбарын, не көйлегін, әйтеуір иығына ілген киімінің біреуін маған ескерткішке беріңіздерші? Үйімнің көрнекті жеріне қастерлеп іліп қойып, есіме алып жүрейін», — дейді. Адамды сыйлауда бұдан асқан адамгершілік бар десен, айт.

Осы Алматыдағы жауапты қызметтен зейнеткерлікке шыққан тағы бір танысым жақында қайтыс болды. Мен денсаулығыма байланысты жерлеу рәсіміне қатыса алмадым. Естуімше, оның сүйегіне түскен құрдастарына магазиннен қымбат

шетелдік тон, көстөм, көйлек, аяккіім, тағы басқа бұйымдар сатып әкеп сыйлапты. Бармасам да, сыйласқан кісісі еді деп маған да бір тон атапты. Оны інісі үйіме алып келді. Ашуым қатты қозды.

— Шеттеріннен ойсыз оңбаған екенсіңдер! Бұл тонды ағана тірі кезінде неге кигізбедің?! Бұған жұмсаған ақшаны неге бала-шағасының келешегіне жұмсамадың?! Ағанның отбасын ойламай басқаларға қымбат киім сатып әлгеріңнен қалай?!

Туысына жаның ашыса, оны тірі кезінде шипажайларға жіберіп, неге емдетпедің? Сонда оның өмірі бірер жылға болса да ұзарар еді. Жылқы сойысыңдар. Ол қаржы кімнің қалтасынан шықты? Тірі кезінде ағана соғымға деп бір тай сыйладың ба? Сыйламағаныңды мен жақсы білем. Сендер мұның бәрін мақтан үшін жасайсыңдар. Бұл нағыз оңбағандық, нағыз ақымақтық!

— Ол мінгірлеп:

— Біздің кінәміз не, Бауке? Ел не істесе, біз де соны істеп жатырмыз ғой, — деді төмен қарап.

— Елде кінә жоқ. Бұған жеке адамдар-имамдар кінәлі! — деп ашуға булығып, даусымды көтере сөйледім.

— Ешкім Мұхаммед пайғамбардан үсиетімен жүруіміз керек. Имамдар мінезі өзгерсе, елдің де мінезі өзгереді.

— Аға, бұл ойыңызды ол кісілер қабыл алар ма екен? — деп мен еріксіз сөзге араласып едім:

— Ақылдары болса, қабыл алады, қабыл алуға тиіс, — деді Баукен даусын соза сөйлеп.

— Марқұмды сыйлайтындар отбасына келіп:

— Есімізге түсірейік, шай ішіп, құран бағыштайық деп едік, — десе, ол жөн. «Ойбай, біз жұрттан кембіз бе? Дос, дұшпанға күлкі болмайық, ресторанға шақырайық», — деу босқа шашылу. Мұндай әрекет мандай терлі бағаламау. Мен неге ауылыма барып өлсем деген ойдамын?

— Жауабын өзіңіз айтыңызшы?

— Бірінші мақсатым — өке-шешемнің жанына барып жату. Екіншіден, ауылымдағы туыскандарымды Алматыға шұбыртып, әурелегім келмейді. Үшіншіден, «менің жетімді, қыркымды, жылымды берем деп тыраштанбау, мал сойып, ананы шақырып, мынаны шақырып, адамдарға ақша таратып, шығынданбау жөнінде уәделерін алу. «Жаманның жаманы — уәдені бұзған», босқа шашылмандар, басыма ешқандай күмбез орнатпаңдар деймін. Ауылыма барып өлсем деген ойымның себебін енді түсіндің бе?

— Түсіндім.

— Ағайын-туыстарым, жекжат-жұраттарым, дос-жарандарым менің қазама бір тиын шығармайды. Себебі, жерлеуіме жерлік ақшаны өзім дайындап қойдым. Денсаулығым жақсы кезде ауылымдағы ағам, не жөңем ауырып қалды дегенді естісімен көңілін сұрай баратынмын. Сондай сәттерде бас қосқан көрісі, жасы бар туыстарыма:

— Әй, бауырларына беретін қаржылай көмектеріңді тірісінде беріңдер. Денсаулығына, рақатына жұмсасын. Дәрі алып ішін, баратын жеріне барсын. Қызық көрсін. Өлгеннен кейінгі көмегің оған көк тиынға керегі жоқ, — дейтінмін.

Баукен маған барлай қарап:

— Ертен мен өлсем, «Құдайға шүкір, мазасыз мылжыннан құтылдым ба, құтылмадым ба?» деп сен бірінші қуанасың, — деді жабырқанқы көңіл күйде.

— Мүлде олай емес, аға.

— Жарайды, балам, мен шаршадым. Бала-шағана, келінге сәлем айт.

— Сау болыңыз.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, бауыржантанушы

(Жалғасы бар)

«Сіздей рухы биік жан көргенім жоғу»

қандай қауіп-қатер, қиындық төңбесін толықканды ұлт барлық қабілет-қасиетін, ұлттық ерекшеліктерін сақтай біледі. Мысалы, жапондар бұдан бес мың жыл бұрын қалыптасқан мәдениетін күнделікті қарым-қатынаста әлі пайдаланып жүр.

Алысқа бармай-ақ көрші, туыс өзбек халқы тұрмысына зер салайық. Мойындауымыз керек, мойындамасқа амалымыз жоқ, қандай дауыл тұрып, боран соқпалы, оның әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі, діні, ділі, тіпті киген киім түрлеріне дейін сақтаулы. Өйткені ол толықканды ұлт.

Бізге төңген қауіптің көп болатыны — біз әлі толықканды ұлт болып қалыптасқан жоқпыз. Бұл бәрімізге ортақ өкінішті олқылық...

«АТА-БАБАМЫЗДЫҢ АРУАҒЫ»

Надан кісілер менмен, мақтаншақ келеді. Олардың саясатпен ісі жоқ, бар мақсаты — ішіп-жеу, жаркылдап киіну. Одан өзге мәселелердің бәріне түкіргені бар. Тектілер өз намысын да, ел намысын да ойлайды. Жамбылға біреулер:

Аузымен құс тістеген ақын Құлманбетті жеңдім дейсіз, қалай жеңдіңіз? — дегенде, Жөкен:

Оны мен жеңгем жоқ, Қарасай бабам мен ақиық ақын Сүйінбайдың аруағы ғой жеңдірген, — деп жауап берген. Қандай терең жауап. Егер маған біреулер: «Ұлы Отан соғысында бақайшағына дейін қаруланған жауды қалай жеңдіңіздер?» — деп сұрақ қойса, Жөкеңе ұқсап:

Жауды біз жеңген жоқпыз, оны жеңдірген ата-бабалымыздың аруағы, — деп жауап берер едім.

«БӘРІН ҰМЫТАМЫН»

Жас кезімде өмір қиын, ауыр болғаны рас. Аман қалдым ғой. Кучкадан Беломорға, Қиыр Шығыстан Батысқа дейін қып-қызыл айдауда жүргендей едім. Рахатты көрген жоқпын. Бірақ менің өмірімдегі ең ауыр кезең — мына бір жағы ауру, бір жағы кәрілік зардабынан тесекте жатым деп ойлаймын.

Баукен жастыққа басын қойып, көзін жұмып жым-жырт бола қалды. Онысы «тіршіліктен ешқандай хабарым жоқ» деген ойды білдіргені еді. Мен бұл көңіл күйімен іштей келіспедім.

Өлден соң көзін ашып, басын көтеріп: Е, мына дүниеде бар екенмін ғой, — деп жымия күлді. — Сұрағын болса бер,

ертен болмағанмен бүрсүгіні мені таппай қаласын.

— Өзіңіз командирлік еткен дивизия туралы айтып берсеңіз?

— Тоғызыншы дивизия жай қатардағы емес, гвардиялық дивизия. Совет Одағы Бас штабының бастығы, маршал Васильевский, маршал Баграмян, Бас командашының бірінші орынбасары маршал Жуков командалық пунктінде болып, мені тексеріп жүрген кезінде дивизияма көңілдері толып, ризалық білдіргендерін ең жоғары баға деп білемін. Соны еске алғанымда жас кезде шеккен азабымды да, ауру, қарттық тауқыметін де — бәрін ұмытамын.

«ДӘРІГЕРДІҢ СӨЗІ»

1982 жылдың 12 мамыры. Аспан сәбидің жанарындай мөлдіреп тұр. Танертенгі сағат он. Баукен есігінің қонырауын бастым. Іштен Күләнда әпке шығып:

— Қарағым, ағанның сырқаты әжептеуір, — деді үрейлене тіл катып. — Әнекүнгідей ұзақ сөйлесіп, мазасын алма.

— Мақұл, — деп ішке ендім. Баукен ұйықтайтын бөлмесіндегі ағаш керуетте жалаңбас, көйлекшен шалқасынан, ойға батып жатыр екен. Мені көріп:

— Ө, сен екенсің ғой, кел, қарағым, — деп жастықтан басын көтеріп, оң жамбасына аунап жатты.

— Көңілді қуантарлық қандай жаңалығың бар?

— Әзірше айтарлық жаңалығым жоқ. — Менде бар. Жаңа сен келердің алдында сексеннің сенігіне шыққан таныс қартым телефон соғып:

— Бауыржан, қарт адам шаршағыш келеді екен, — деді. Мен:

— Есіңізде болсын, қарт адамның шаршағаны ештеңе емес, ең қиыны — оның өмірге деген құштарлығының азаюы, — дедім. — Қазақша айтқанда, ол өмірден баз кеше бастайды. Оны ештеңе қызықтырмайды. Біреу мансап сатысымен жоғарылапты, әлде екі адам төбелесіп қалыпты, не көршінің қызы күйеуге шығыпты деген хабар, оған әсер етпейді. Ол қартқа ең керекті — тыныштық.

— Иә, иә, дәл айттың.

— Ол тек аман-есен болып, қатын, бала-шағасының алдында уақтылы тамақ ішіп, уақытылы ұйықтағанды ғана қалайды. Бұл қартайған адамның 99 пайызына тән нәрсе.

— Бәрін қалай білесің, Бауыржан?

— Көке, өкшелес ініңіз емеспін бе?

— Иә, иә.



— О, аға, түсініңіз. Қарсы болам, қарсы болмаймын десеніз де еркіңіз. Мен кейбір жағдайға байланысты ұсыныс жасағалы отырмын.

— Ол қандай жағдай?

— Анализдеріңіз арқылы сіздің қандай дәріні керек ететініңізді анықтаймын. Сіздің бауырыңыз әлсіреп, жұмысын тоқтатуға жакын.

— Оған операция жасауға болмай ма?

— Болмайды. Себебі, бауырыңыздың жартысы, не шеті іріп-шірісе, оны кесіп алып тастауға болады. Ол бірнеше уақыттан кейін жетіліп, бастапқы қалпына келеді. Оның сондай қасиеті бар.

— Операция жасамасан, несіне анализ алмақсың?

— Бір көмегім тие ме деген үміттемін.

— Мен ұйықтайтын бөлмемен ас бөлмеге барғанша шаршап қалам. Бір кесе шайды демалып, екіге бөліп ішем. Бәрін реттейтін лаборатория-бауырым іріп-шірісе, аяғым жүруге жарамаса, құлақ жөнді естімесе, көз жақсы көрмесе, не амал бар? Сен әуре-сарсаңға түскенше, маған жолдама берсеңші, ертерек өке-шешемнің жанына барып жатайын.

Ашығын айтқын. Анализдерімнің бәрін тексердің, қанша уақытым қалды? Өлмейтін мен шайтан емеспін. Адамдарға салмақ салмай, өз денемді өзім көтеріп, ертерек құтты қонысыма жетейін.

Дәрігер: «Сіздей рухы биік адамды көргенім жоқ», — деді басын шайқап.

«МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРДЫҢ ӨСИЕТІ»

— Ет жақын ағаларымның, жеңгелерімнің бәрі барса келмеске кетіп қалды. Құдайға шүкір, інілерім, келіндерім бар. Мені солар көмеді. Оларға:

— Жетімді, қыркымды, жылымды өткізбейсіңдер, — деп ескерттім. Бұл Мұхаммед пайғамбарымыздың өсиеті. Мен де пайғамбарымыздың айтқанын істеймін. Ол кісі адамы өлген қаралы үйден түйір шығын шықпалы, тірі адамның аузындағы нәсібесін ысырап етуге болмайды деген. Тіпті өлген адамның кәбірі басына күмбез де салдырмаған.

Арабтар биіктігі тізеге дейін іргетас тұрғызып, мал баспасын деп қабірдің айналасын жуандығы 30 сантиметрдей қара темірмен қоршап қояды. Бітті.

Мұхаммед пайғамбар: «Е, өлді, жыламандар. Құдайға қарсы тұрмаңдар. Қанша жылағандарынмен ол енді тірілмейді.

Апақ-сапақта үйге жетіп келген інісіне Қиыбай: — Өнін өрт сөндіргендей, жайшылық па?! — деп жатыр. — Қайдан жәй болсын, баяғы келінінізбен барып-келіп... айтпағанымыз жоқ, ажырасып тынатын шығармыз, — деп үйде ағасынан басқа пенде жоқ екенін байқап: — Женгем қайда? — деп қалды. — Женгеннің барынан жоғы! Қолына тиын-тебен тиді бітті, түгесілмей тынышталмайды. Базар аралап кеткен! — деп кідіріп: — Не боп қалып еді? — деп інісіне сауал тастады. — Ұрыс-керіс, айғай-шу түбімізге жетті. Өзіңіз секілді ашу-ызамды іркімей ағыл-тегіл ағытамын кеп... Ол да осал емес, есе жібермейді — ақ ит кіргізіп, көк ит шығарады... Осы сіз де сөйтесіз, бірақ былық етер — «кетем де кетем!» деген женгемді көрмеппін. — Тартпасаң тұмағыр... Ана алғашқы женгенмен шат-шәлкейіміз тура сенікіндей болған... е, ол кезде ақыл айтар ақылман болмай ажырасып тындық емес пе... — Қазір ше?! Қазір де айғай-шуларыңыз бар. Мен білетін ағамның арыны басылған емес. Сол баяғы былапыт сөз, сол баяғы боғауызды қардай боратасыз кеп...? — Ал тыңда! Мәселе айта білуде... Ашулысын делік. Айтар сөзің ашы-тұшы, төбеден түсердей

АҚЫР-ТАҚЫР АҚЫЛ



дөрекі... «Ауызға келген түкірік — қайта жұтса, мәкүрік» дей ме, тоқтатып қалма, іркіме, айтып қал... Тек, мынау есте болсын: осы мезет езуін ыржиып, көзін күлімдеп, бет-пішінің бейпілдіктен жұрдай болып, үнің үлбіреп шықсын... Ретін келтіріп, айғайың аспандап тұрса да, ара-арасында «жаным, айым» деген тіркесті кірістір де отыр.

Әсіресе, сөз аяғын сүмірейте, айтар ашы-тұшы біткен жерден мүләйімсіп мүдіріп қал. Бұл — ортада ешкім болмай екеуара ғана жекпе-жектегі айғай-сүрен. Ал арада көлденең көк аттылы болғандағы ұрыс-керіс тәсілі басқаша, — деп ақыр-тақыр ақылын сәл кідіріп, інісіне, — соңғы ырын-жырын неден шықты? — деді. — Дүкен-мүкен деп кеткен. Бір інім келіп, ары отырдық, бері отырдық... Тостырып шыдам біткенде келіп тұр... Айда кеп ақырдым кеп... Ол да іркілмеді... інім кетті безіп... Айтар таусылып, осында келіп отырғаным, — деген мезетте есік шырылдап, базардан көтерген көп жүгі бар жөнгесі келіп кірді. Қиыбай ағасы бұған желкесін берген қалпы: — Қайда жүрсің-ей қаңғып! Біз отырмыз омалып! Кергімей келетін мезгілінді айтсаң қайтеді! — деп іркес-тіркес тікенек сөздерін төндіре бастағанда інісі сытылып шығып жөніне кетті. Інісі кете сала Қиыбай: — Сөйдеп әкірендемесем қайның бүгін қонатын түрі бар. Баяғы келінмен ырын-жырын, бағанадан бері сонысын айтып миымды шірітті... Пәлі, көп зат өкелсің ғой. Айтпаймысың, аялдамадан тосып алар едім. Жаурап та қалған шығарсың, шәй қойып жіберейін, — деп апыл-тапыл ас үйден табылды.

ҚҰЗҒЫН ҒҰМЫР ҚҰПИЯСЫ

Жүз он жасқа келген қарияға: — Ақсақал, осынша ғұмыр кешуіңіздің құпиясын айтпас па екенсіз? — деп қолқа салған болып едік, әлі де ширақ, бірден: — Шайпау шешелеріннің арқасы... — деп, онысын түсінбей ақтарылған бізге: — Басынан бастайын, — деп алды да, ағыл-тегіл ақтарыла жөнелді. — Туылғанда егіз болдық. Менен екі минут ерте дүниеге келген ағам үйдің тұңғышы болып есептелді де, ол ерке, серке болып... Негізі — менің басым әңгіртаяқ ойнатумен есейді. Отырсам опак, тұрсам сопак... есейіп етек жапқанша соның қолбаласы болдым... Зыр жүгіртетін, тыным таптырмайтын. «Барып кел, алып келден» бастап, кешке жатар орынға тұмсық тірей құлайтынмын... Осыма қарай шырығып, шымыр болып өстім. Мұны бір деп қоялық. Әке-шешеміз тұңғышы болғандықтан ағамды жиган-тергенін беріп, мектеп бітіре сала, жоғары оқу орнына тықты да жіберді. Мен болсам мүләйімсіп әскерге кете бардым. Е, ондағы екі жыл әлі есімде... Борышымды өтеп келіп ауылдың қара жұмысына танылдым.



Есейіп ер жеткен соң үйлену парыз... Туылғаннан жолым болмаған маған, алғашқы шешелерін шайлау болып шықты. Шайпаулығы — некенің ертесінде-ақ көгеріп-сазарып талмасы ұстап тұрмай үш күн жатты. Сөйтсек, оның арақ-шарап, әсіресе, темекіге деген аллергиясы бар болып шықты... «Әке-көке» деп ертесінде-ақ әлі құныға қоймаған темекімді тепкілеп көміп, арағымды әріге жібердім. Әркезде оқуын бітіріп бастық болып жүрген ағам, оған еркіндік беріп ерлеген женгеме риза болып қоямын. Кайтейіін, көнеді екенсің, темекіні тастап, арақты татып алмай ғұмырым өтті емес пе... Бастық болу қиынның қиыны екен, ағам бакырып-шақырамын деп жүріп, ақыры жүрек талмасы ұстап зейнеткерлікке жетпей мүгедек болып мүләйімсігені бар... Өз басым, өмірімнің отыз жылында таза ауа, тау-шатқал, өзен-көл маңында маңыраған мал бакқанымә тәуба деймін. Зейнеткерлікке бір мезгілде шығып, ағам бір мекемеге күзетші болып орналасып, ертелі-

кеш бір орында тапжылмай отыратын болды. Мандайының соры бес елі баяғы мен сол мекемеге аула сыпырушы болып орналасып, ертелі-кеш тепен-тепен титықтап-ақ бітемін... Есептеп кеп жіберсем, күніне он шақырым жол жүріп, кәкір-шүкірді жинап жүріп, екі-үш вагон жүк түсіретін күш-қуатым кетіп қираландап-ақ қалады екенмін. Не керек, менен екі минут ерте келген ағам біраз жылдан соң сол күзетшілігінде кірген-шыққанмен кергілесемін деп аяқ асты жүрегі ұстап бақилыққа аттанды. Шайпау шешелеріне қайта оралайын. Арағымды алғызбаған, темекімді тартқызбаған шешелеріне ризамын. Жетпістің жетеуіне келгенімде жарықтық көріпкел екен, маған: «Әлі біраз ғұмыр кешесің, бір айтқанымды тыңда» деп, өзінің күйеуге шықпаған кенже сіндісін маған қосып, бақилыққа аттанып кете барды. Содан «бір қызымнан бір қызым сорақы» демекші, шешелеріннің қосып кеткен сіндісі нағыз «сұр» болып шықты. Отырсам опак, тұрсам сопак, үйде күн-түн айғай-шу... өз үйімнен безіп, ас ішер мезгіл мен жатар орныма жайғасқаным болмаса, ылғи дала безіп, қысы-жазы тау-тасты аралап тағы болып күндерім өтті... Е, шырақтарым, токетері «жүзден асып жығылған» қос шешелеріне алғысым шексіз, — деп кідіргенінде: — Ақсақал, ғылымның айтуы бойынша жүз он бір жаста адам қайта жасарып, шаш пен тіс қайта шығады екен, — деп сәуегейлік танытып едік: — Айтқандарың келсін, менің жасымды сендерге берсін. Ол үшін тасжүрек бауыр, тепен-тепен тірлік бұйырып, шайпау келіндер мандайларына жазылсын, — деп бата қайырды.

Берік САДЫР,
Нұр-Сұлтан

Былырғы жылдың күзінде ауыл әкімдерін сайлау арқылы таңдау тәжірибесі жүзеге асырылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы халыққа Жолдауында айтылғандай, аудандық маңызы бар қалалардың ауылдар мен кенттер, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлау арқылы анықтау іске қосылды. Нұрбол Досымбаев – сол сайлауға кандидатурасын ұсынып, ауыл халқының сенімі арқылы әкімдікке сайланған азамат.

Жуырда Нұрбол Инакынұлы туралы әлеуметтік желіде бейнежазба тарап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Әз Наурыз мерекесін ұйымдастырған әкім ауылдастарының алдында салмағы 40 келіден асатын тірі қойды иығына артып алып 50 рет көтеріп, чемпион атанды. Ауылдастарының ынтымақтастық рухын оятып, ел ішіндегі ауызбіршілікті арттыруға күш салып жүрген әкіммен сөйлесудің сәті түсті. «Мен Алматы облысы Кеген ауданы Жылысай ауылында 1988 жылы өмірге келдім. Балалық шағым — Қулық тауының бөктеріндегі, жері де жаймашуак, елі де жылы Жылысайда өтті. Кейін отбасымызбен Талғар ауданына көшіп келдік. Талдыбұлақ ауылындағы мектепті оқып бітірдім. Кейін осы мектепте мұғалім, директордың орынбасары қызметін атқардым. Былтыр ауылдық

БҰЛ АУЫЛДЫҢ ӘКІМІ ДЕ ЧЕМПИОН



округ әкімдерін сайлау науқанына қатысып, кандидатурамды ұсындым. Жергілікті халықтың, яғни сайлаушылардың сенімін аркалап басым дауыспен әкімдікке өттім. Аркамада тұтастай бір ауылдық округ тұрғындарының аманаты тұрғанын сезінген сайын ауырлығы бата түседі. Көпшіліктің үміт отын өшірмей, жұмыс істеуге барымызды салып жатырмыз. Биылғы жыл еліміз үшін үлкен қасіретпен басталды. Пандемиядан еңсесін енді тіктеген ел Наурыз мерекесін атап өтуге барынша үлестерін қосты.

Тіршіліктің оянып, Жер-Ананың бусанып, табиғаттың түлейтін мезгілін ала келетін ұлыс күнін біздің тұрғындар да ерекше ықыласпен атап өтті», — деді ауылдық округ әкімі. Нұрбол Инакынұлы әкімдік қызмет атқаратын Белбұлақ ауылдық округіне Белбұлақ, Бірлік, Талдыбұлақ ауылдары қарайды. Әкімдік лауазымына кіріскен мемлекеттік қызметкер ауыл жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында шағын футболдан турнир ұйымдастырып, дәстүрлі жарысқа айналдырғанын да айтты. Ауылдың әр жылғы түлектері өзара сайыс өткізіп, спорттық мерекеге ұласқан осындай игі шара жастар арасындағы сыйластық пен ынтымақтастықты, ауызбірлікті нығайтуға күш салып келетінін де мақтанышпен жеткізді. Биылғы Наурыз мейрамы кезінде ауылдық округ тұрғындары ұлттық ойындарымыз тір көтеру, арқан тартыс, қол күрестіру сынды сайыстарға қатысып, бақтарын сынапты. Бала ата-анасының айтқанын істемейді, көргенін қайталап, соған қарап бой түзейді. Нұрбол Досымбаев та бала күнінен спортқа жақын болғандықтан, өзі басшылық ететін Белбұлақ ауылдық округінің тұрғындарын ынтымаққа жұмылдырып, жастарын салауаттылыққа бейімдеп, осындай игі бастаманы қолға алыпты. Биылғы Наурызда әкім Нұрбол Инакынұлы қол күрестен, 100 метрге жүгіруден, тір тасын және тірі қойды көтеруден ауылдық округ чемпионы атанып, өзгелерге үлгі-өнегелі ісін паш етті. Әкімнің өзі чемпион атанған ауылдан келешекте қазақ спортын өрге сүйрейтін таланттар тұмауы мүмкін емес. Әлем чемпионы, Олимпиада ойындарының жеңімпазы өсіп шығатынан көміл сенеміз. Белбұлақ ауылдық округінде 15 мыңнан астам халық бар десек, келешекте белбұлақтықтар «біздің ауылдың әкімі де, жастары да чемпион» деп мақтанатын күн алыс емес.

Қуаныш РАХМЕТ,
Белбұлақ ауылы
Талғар ауданы

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)
Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)
Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)
Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС
Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалалық көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — № 1072;
Бағасы келісім бойынша
Таралымы — 5000 дана
Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.

Jas qazaq gazeti «Karaavan», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.